

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН  
САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУГЕ АРНАЛҒАН  
ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАР**

---

**ЗДАНИЯ И СООРУЖЕНИЯ  
ДЛЯ ХРАНЕНИЯ И ПЕРЕРАБОТКИ  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ**

**ҚР ЕЖ 3.02-131-2012  
СП РК 3.02-131-2012**

**Ресми басылым  
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства  
национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 ӨЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «НТЦ» ЖШС
- 2 ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 ПОДГОТОВЛЕН:** АО «КазНИИСА», ТОО «НТЦ»
- 2 ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ .....	IV
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	2
4 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ШЕШІМДЕР .....	3
4.1 Ғимараттар мен имараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын көлемдік-жоспарлық және конструкциялық шешімдер .....	3
4.2 Өрт қауіпсіздігін, гигиена және адам денсаулығын қорғау талаптарын қамтамасыз етуге қатысты құрылыстық шешімдер.....	5
4.3 Пайдалануға жарамдылықты және пайдалану кезіндегі қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты қолайлы шешімдер.....	7
4.4 Энергияның үнемделуін, жылу шығынының азаюын және табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін ұсынылатын шешімдер .....	8
5 ҚОЛАЙЛЫ ЖЫЛУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР .....	10
5.1 Табиғи конвекция жағдайларындағы жылу алмасу.....	10
5.2 Желдетілетін қабат болған жағдайда, сыртқы қабырғаның ішкі беті тұсындағы жылу алмасу .....	11
5.3 Сақтауға арналған үй-жайлардың технологиялық жылытылуы .....	14
5.4 Желдету жүйелері .....	14
5.5 Ауыл шаруашылығы өнімдерін жылумен өңдеуге арналған жабдықтың қуаттылығы (пиязды жылумен өңдеу мысалында).....	18
5.6 Қоршау конструкцияларының жылу берілуіне кедергісі.....	19
5.7 Жылыту үшін қажетті жылудың ұсынылатын мөлшері.....	20
5.8 Қысқы (күзгі) және жазғы мезгілдердегі ауа алмасу.....	24
5.9 Жылыту мен желдетудің ұсынылатын режимдерін қамтамасыз ететін инженерлік іс- шаралар .....	25
А қосымшасы (ақпараттық) Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау кезінде ауаның таралу жүйелерінің ұсынылатын сипаттамалары .....	29
Б қосымшасы (ақпараттық) Өнім үйіндісінің гидравликалық кедергісі, Па.....	35
В қосымшасы (ақпараттық) Қазақстан Республикасының елді мекендері үшін (1) және (2) формулаларындағы коэффициенттердің мәндері .....	36
Г қосымшасы (ақпараттық) Жылу мен ылғал бөлулердің және өнімнің үйме салмағының есепті мәндері .....	37
Д қосымшасы (ақпараттық) Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен құрылыстардың ұсынылатын конструкциялық схемалары және көлемдік-жоспарлық шешімдерінің мысалдары .....	38
Е қосымшасы (ақпараттық) Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау схемалары.....	41
КІТАПНАМА .....	43

**КІРІСПЕ**

Ережелер жинағы Қазақстан республикасының ережелер жинағы ҚР ҚН 3.02-31-2011 талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы техникалық регламенттері мен құрылыс нормаларының міндетті талаптарын орындауға мүмкіндік беретін техникалық шешімдерді регламенттейтін нормативтік құжаттар жүйесі аясында әзірленген.

Ережелер жинағы ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс сипаттамаларының қолайлы шешімдерінің деңгейлерін және ең төменгі параметрлерін белгілеуге мүмкіндік береді.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ****СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ӨНДЕУГЕ  
АРНАЛҒАН ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАР****ЗДАНИЯ И СООРУЖЕНИЯ ДЛЯ ХРАНЕНИЯ И ПЕРЕРАБОТКИ  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Осы ережелер жинағы жыл бойы және маусымдық түрде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арнап жаңадан салынатын және қайта құрылатын ғимараттар мен құрылыстарды жобалауда қолданылады.

Аталған ғимараттар мен құрылыстарға:

- көкөністерді, картопты, жеміс шаруашылығы және жүзім шаруашылығы өнімдерін сақтауға (өнімдерді тауарлық өңдеуді қоса алғанда) және қайта өңдеуге арналған;

- сүтті, етті, құсты, жүн мен теріні, майлы және тінді дақылдарды бастапқы қайта өңдеуге арналған және т.б. ғимараттар мен имараттар жатады.

1.2 Осы ережелер салқындатып сақтайтын ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған ғимараттар мен имараттарды (камераларды) жобалауда қолданылмайды.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Осы ережелер жинағын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 16 қаңтарындағы № 14 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 17 қарашасындағы № 1202 қаулысымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 3.02-31-2011 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттар.

Ескертпе – Осы ережелер жинағын пайдалану кезінде ағымдағы жылдағы ахуал бойынша «Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарының көрсеткіші», «Стандарттау жөніндегі мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші», «Қазақстан Республикасы аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізімі» атты жыл сайын басып шығарылатын ақпараттық көрсеткіштер бойынша сілтемелік стандарттар мен нормативтік құжаттардың қолданылуын тексеру мақсатқа сай болады. Егер сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормаларды пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмастан, алып тасталған болса, онда оған сілтеме жасалатын ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы ережелер жинағында тиісті анықтамалары берілген келесі терминдер қолданылады:

**3.1 Қауіпсіз жағдайлар** (адамның тіршілік етуі үшін): Мекендеу ортасының факторлары адамға шамадан тыс зиянды ықпал ететін тәуекелдерге жол берілмейтін жағдайлар.

**3.2 Желдету:** Тәулік бойы жұмыс істегенде – жылына 400 сағат және күндізгі уақытта бір ауысымдық жұмыс істеу кезінде жылына 300 сағат орташа қамтамасыздандырылмау жағдайында қызмет көрсетілетін немесе жұмыс аймағындағы ауаның сапасын және рұқсат етілетін микроклиматты қамтамасыз ету мақсатында жылудың, ылғалдың, зиянды және басқа да заттардың артық мөлшерін жою үшін үй-жайлардағы ауаны алмастыру.

**3.3 Ғимараттағы қосымша жылу бөлінулері:** Ғимараттың үй-жайларына адамдардан, ауыл шаруашылығы өнімдерінен, қосулы энергия тұтыну аспаптарынан, жабдықтан, электр қозғалтқыштарынан, жасанды жарықтандырудан және т.б., сондай-ақ ішке енетін күн радиациясынан берілетін жылу.

**3.4 Ғимарат:** Адамдардың өмір сүруіне, жүріп-тұруына және (немесе) жұмыс істеуіне, өндірістерді орналастыруға, өнімді сақтауға немесе жануарларды ұстауға арналған үй-жайлары бар жер үсті бөлігінен және, қажет болған жағдайда, жер асты бөлігінен тұратын құрылыстық үй-жай.

**3.5 Индивидуалды жылумен жабдықтау жүйесі:** Селолық және қалалық қоныстардағы бір пәтерлі және бөліктелген тұрғын үйлерді, қоймалық, өндірістік үй-жайларды және қоғамдық мақсаттағы үй-жайларды жылумен жабдықтау жүйесі.

**3.6 Жылу өткізгіштік коэффициенті ( $\lambda$ ), Вт/(м·°С):** Бірге тең температуралық градиентте изотермиялық бет ауданының бірлігі арқылы уақыт бірлігі ішінде берілетін жылу мөлшері.

**3.7 Механикалық қауіпсіздік:** Ғимараттың, құрылыстың немесе олардың бір бөлігінің бұзылуы немесе орнықтылығын жоғалтуы салдарынан адамдардың өмірлеріне немесе денсаулықтарына, мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлар мен өсімдіктердің өмірлері мен денсаулықтарына зиян келтірілуімен байланысты тәуекелге жол берілмейтін ғимараттың немесе құрылыстың жай-күйі.

**3.8 Көп қабатты ғимарат:** Екі және одан көп қабаттан тұратын ғимарат.

**3.9 Жылыту:** Жылу ысыраптарының орнын толтыру және нормаланатын температураны ұстап тұру үшін жылдың суық мезгілінде үй-жайды жасанды жолмен жылыту.

**3.10 Өрт қауіпсіздігі:** Өрттің шығуы мен өршуінің, сондай-ақ адамдарға, мүлікке және қоршаған ортаға өрттің қауіпті факторларының шамадан тыс ықпал етуінің тәуекеліне жол берілмейтін ғимараттың немесе құрылыстың жай-күйі.

**3.11 Үй-жай:** Белгілі бір мақсатта қолданылатын және барлық жағынан құрылыс конструкцияларымен шектелген ғимарат немесе құрылыс көлемінің бір бөлігі.

**3.12 Есепті жылу өткізгіштік:** Температурасы, ылғалдылығы, монтаждық тығыздалуы және жылу оқшаулау конструкциясында жіктердің болуы есепке алынатын

пайдалану жағдайларындағы жылу оқшаулау материалының жылу өткізгіштік коэффициенті.

**3.13 Қызмет ету мерзімі:** Құрылыс нысанын ары қарай пайдалануға болмайтын немесе мақсатқа сай емес болатын күйге дейін қалыпты пайдалану ұзақтығы.

**3.14 Құрылыстық модуль (М):** Құрылыс бұйымдары мен конструкцияларын Бірыңғай модульдік жүйе (БМЖ), яғни ғимараттар мен олардың элементтері өлшемдерінің бірыңғай модульге қалдықсыз бөлінуі негізінде осы өлшемдерді үйлестіру ережелерінің жиынтығы негізінде бірыңғайландырады. Негізгі модуль (М) 100 мм-ге тең болып қабылданған. Сондай-ақ өндірістік модульдер (ӨМ) – ірілендірілген (60М, 30М, 15М, 12М, 6М, 3М, 2М) және бөлшекті (М/2, М/5, М/10, М/20, М/50, М/100) модульдер бар.

**3.15 Ғимараттың жылу қорғанысы:** Үй-жайлардағы ауаның мүмкін болатын шектерден аспайтын алмасуын есепке ала отырып, ғимараттың жылу энергиясын (жылу келуін) шығындауының берілген деңгейін, сондай-ақ олардың ауа өткізгіштігін және оның үй-жайлары микроклиматының оңтайлы параметрлерінде қатты дымқылданудан қорғалуын қамтамасыз ететін, ғимараттың сыртқы және ішкі қоршау конструкциялары жиынтығының жылу қорғау қасиеттері.

**3.16 Жылу генераторы:** Тұтынушыға жіберілетін жылу тасымалдағышты қыздыру үшін отынның жануы кезінде бөлінетін немесе электр энергиясының түрленуі есебінен түзілетін жылу пайдаланылатын жылу көзі.

**3.17 Жылдың жылы мезгілі:** Сыртқы ауаның +10 (8)°С-тан жоғары орташа тәуліктік температурасымен сипатталатын жыл мезгілі.

**3.18 ЖЭО:** Жылу мен электр энергиясын құрамдастыра отырып шығаруға арналған жылу электр орталығы.

**3.19 Қоршау конструкциясының жылу беруге шартты кедергісі:** Саны жағынан жылу-техникалық әрқелкіліктері жоқ шартты қоршау конструкциясының жылу беруге келтірген кедергісіне тең болатын физикалық шама.

**3.20 Жылдың суық мезгілі:** Сыртқы ауаның +10 (8)°С-қа тең және одан төмен орташа тәуліктік температурасымен сипатталатын жыл мезгілі.

**3.21 Пайдалану:** Ғимараттың немесе үй-жайдың пайдаланушылық сипаттамаларын және қауіпсіздік дәрежесін қажетті деңгейде ұстай отырып, оны мақсатты түрде пайдалану үдерісі.

## **4 ҒИМАРАТТАР МЕН ИМАРАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛАЙЛЫ ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ШЕШІМДЕР**

**4.1 Ғимараттар мен имараттардың сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету бойынша ұсынылатын көлемдік-жоспарлық және конструкциялық шешімдер**

4.1.1 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен құрылыстар өмірлік циклының барлық кезеңдерінде ҚР ҚН 3.02-31 және «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес қауіпсіздік талаптарына сай болуы тиіс.


4.1.2 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттарды:

- бір қабатты;
- жоспарда тік бұрышты;
- ені мен биіктігі бірдей қанаттары қатарласа орналасқан етіп жобалау ұсынылады

[11,13].

4.1.3 Ғимараттар мен имараттардың ұсынылатын конструкциялық схемалары мен көлемдік-жоспарлық шешімдерінің мысалдары Д қосымшасында келтірілген.

4.1.4 Қолданылатын құрылыс конструкциялары, ықтимал қауіпті ықпалдарды есепке ала отырып, төзімді және сенімді, сондай-ақ [1] сәйкес тиісті есептермен расталған үдемелі бұзылуға берік болулары тиіс.



а – тіреу-бөренелік қаңқа; б – рамалық қаңқа; в – аралас қаңқа; г – қаңқасыз схема; 1 – іргетас; 2 – баған; 3 – бір жағы құламалы жабын арқалығы; 4 – үш бұрышты қиғаштап қойылған тірексіз ферма; 5 – жабын тақталары; 6 – қабырғалық панельдер; 7 – күш түсетін рамалар; 8 – таспалы іргетас; 9 – күш түсетін қабырғалар; 10 – екі жағы құламалы арқалық; 11 – темір-бетон сырғауылдар; 12 – шатыр; 13 – ағаштан жасалған шатыр тіреушілер.

**1-сурет – Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен құрылыстардың үлгілік конструкциялық схемалары.**

4.1.5 Күш түсетін конструкцияларды [2] сәйкес жүктемелердің ықпалына есептеу ұсынылады.

4.1.6 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған бір қабатты ғимараттарды жобалау кезінде, қағида бойынша, келесі параметрлер қабылданады:

- қанаттары – 12 және 18 м;

- бағандарының қадамы – 6 м, шеткі қатарларда қадамын 3 м-ден жасауға болады (өнімдер үйілген күйде сақталатын секциялардың, қамбалардың, тұқым қорын сақтауға арналған секциялардың шекаралары бойында);

- үй-жайлардың биіктігі (еденнен тірекке сүйенген жабынның күш түсетін конструкцияларының төменгі жағына дейін) 3,6; 4,8 және 6 м, жемістер мен көкөністерді контейнерлерде сақтауға арналған ғимараттарда 7,2 м биіктікке рұқсат беріледі [10].

4.1.7 Қанаттары екі өзара перпендикуляр бағытта орналасатын, сондай-ақ қанаттарының ені мен биіктігі әр түрлі ғимараттар мен құрылыстарды тек технологиялық үдерісті жүргізу мен тиісті жабдықты орнатудың қажеттігі негізделген жағдайда ғана жобалау мақсатына сай болады.

4.1.8 Бір бағыттағы шектес қанаттардың арасындағы биіктік ауысымдарын 6М модуліне қалдықсыз бөлінетіндей қабылдау қажет. Көп қанатты ғимараттардың бір бағыттағы қанаттары арасында биіктіктердің 1,2 м-ден аз мөлшерде ауытқуының болмағаны дұрыс.

4.1.9 Көп қабатты ғимараттар мен имараттарды жобалау кезінде:

- қанаттарын – 6 м;
- жоғарғы қабаттың жабынындағы қанаттарын – 12 м және 18 м;
- бағандардың қадамын – 6 м;
- үй-жайлардың биіктігін – 4,8 және 6 м етіп қабылдау ұсынылады.

Ғимараттардағы қабаттардың санын, әр түрлі ғимараттарда өндірістерді орналастыру нұсқаларын, техника-экономикалық салыстыру негізінде қабылдау қажет [11].

4.1.10 Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың едендерін, оларда орналастырылатын өнімдерден болатын жүктемелерге, [2, 9, 14] сәйкес механикалық және басқа да ықпалдардың түрін және қарқындылығын есепке ала отырып, жобалау қажет.

4.1.11 Бір ғимаратта және имаратта өндірістік, қосалқы және қоймалық мақсаттағы үй-жайларды орналастыра отырып, әр түрлі өндірістерді біріктіру ұсынылады.

4.1.12 Ғимараттар мен имараттардың геометриялық параметрлері [13] талаптарына сәйкес қабылданады. Жабындардың күш түсетін конструкцияларының жоспардағы өлшемдері және бағандар торы, қағида бойынша, 30М модуліне сәйкес келуі керек.

Шатыр тіреушілерсіз жабындарда құрама жабын тақталарының тіректері тікелей қада-бағандардың (бағандардың) сағаларында, рамаларда немесе аркаларда орналастырылады.

## **4.2 Өрт қауіпсіздігін, гигиена және адам денсаулығын қорғау талаптарын қамтамасыз етуге қатысты құрылыстық шешімдер**

4.2.1 Өрт-жарылыс және өрт қаупі бойынша ғимараттар мен имараттардың санаттары «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес жобаның технологиялық бөлімінде белгіленеді.

4.2.2 Өртке қарсы қабырғалар арасындағы қабаттың ауданын, қабаттардың санын және отқа төзімділік дәрежесін, әр түрлі санаттардағы өндірістердің орналастырылуын, адамдардың эвакуациясын ұйымдастыруды және түтінді жоюды, сондай-ақ үй-жайларда

орналастырылатын, өндірістердің санаттарына қарай, олардың қоршау конструкцияларын орнатуды «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің және [3,11] талаптарына сәйкес қарастыру ұсынылады.

4.2.3 Жарылыс қаупі бар ауа-тозаң қоспаларын түзуі мүмкін жанғыш шаңдар болатын өндірістер орналасқан үй-жайларды желдетілмейтін кеңістіктер мен шаңның (үй-жайда қалықтап жүрген және қонған) жиналуына жол берілмейтіндей етіп жобалау қажет.

4.2.4 Сыртқы ернеуінің жоғарғы жағына дейінгі биіктігі 10 м-ден асатын ғимараттар мен құрылыстардың сыртқы қабырғаларының периметрі бойынша шатыр жабындарында жанбайтын материалдардан биіктігі 0,6 м-ден кем емес қоршаулар қарастырылады. Ішкі суағарлары жоқ ғимараттарда бұл қоршаулар, қағида бойынша, торлы болып жасалады.

4.2.5 Сыртқы ернеуінің жоғарғы жағына дейінгі биіктігі 10 м-ден асатын ғимараттар мен имараттар үшін ені 0,6 м болаттан жасалған тік сыртқы өрт баспалдақтары жобалануы тиіс; ғимараттың периметрі бойынша баспалдақтардың арасындағы арақашықтық 150 м-ден аспауы тиіс. Өрт баспалдақтары жер бетінен 1,5 м биіктікте жобаланады, ал жоғарғы жағында тұтқасы бар алаңмен аяқталады.

4.2.6 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттарды, соның ішінде маусымды түрде жұмыс істейтін ғимараттар мен имараттарды өртке қарсы сумен жабдықтау технологиялық жобалау нормаларына немесе жобаның технологиялық бөліміне және «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті мен [11, 16] талаптарына сәйкес жобалануы тиіс.

4.2.7 Ғимараттар мен имараттар арасындағы өртке қарсы алшақтықтар, өртке қарсы сумен жабдықтауға қойылатын талаптар, сондай-ақ өрт техникасы мен өрт-техникалық жабдықты орналастыруға қойылатын талаптар [9, 12] сәйкес болуы тиіс.

4.2.8 Өндірістік ғимараттар мен үй-жайларды, олардың жалпы ауданын [11] сәйкес қабылдау ұсынылады.

4.2.9 Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар мен тұрмыстық үй-жайларды нормативтерге сәйкес жобалау ұсынылады.

4.2.10 Ғимараттар мен имараттардың электр жабдығы, электрмен жарықтандырылуы және электр құралдары (желдеткіштер, салқындатқыштар, жылытқыштар және т.б.) [22] талаптарын қанағаттандырулары тиіс.

4.2.11 Жылыту кезеңі басталғанға дейін (көктемде) немесе жылыту кезеңі басталғаннан кейін (күзде) жұмыс істейтін маусымдық ғимараттар мен имараттар жылыту жүйесімен жабдыктала алады.

4.2.12 Көктемде, жазда және күзде немесе екі кезеңнің бірінде жұмыс істейтін маусымдық өндірістер ғимараттарында (имараттарында) [6] сәйкес күн сәулесінен қорғайтын қоршау конструкцияларын жобалау ұсынылады.

4.2.13 Жемістер мен көкөністерді тауарлық өңдеу, сұрыптау және қайта өңдеу жүргізілетін ғимараттар мен имараттарды оларда қызмет көрсетуші құрам болатын кездерде [6] сәйкес тікелей күн сәулесімен инсоляциялау ұсынылады.

4.2.14 Жылдың жылы мезгілінде ғана пайдаланылатын, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттарда (маусымдық кәсіпорындарда) сыртқы киім мен үй киімін ілгектері бар ілгіштерде (жұмысшылар саны

ең көп екі шектес ауысымдағы әрбір жұмысшыға екі ілгек есебінен) және жұмыс киімін ашық шкафтарда сақтауға арналған гардеробтарды жобалауға болады.

### **4.3 Пайдалануға жарамдылықты және пайдалану кезіндегі қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты қолайлы шешімдер**

4.3.1 Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттар жыл бойы жұмыс істейтін және маусым кезінде жұмыс істейтін болып бөлінеді, бұл ретте олардағы қоймалар, қағида бойынша, жыл бойы жұмыс істейді.

4.3.2 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттарды қамтитын өндірістерді орналастыру аймақтарын шикізат өсірілетін (алынатын) жерден қашықтау, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға, тауарлық өңдеуге немесе қайта өңдеуге жеткізудің шаруашылықішілік құралдарының көліктік жүру жолы қашықтығында құру ұсынылады.

4.3.3 Бірыңғай технологиялық үдеріспен (жабдықтың, үздіксіз конвейерлік көліктің және т.с.с. бірыңғай жүйесі) байланыстырылған және ұқсас метеорологиялық жағдайларды қажет ететін ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған үй-жайлар, қағида бойынша, бір ғимаратта орналасады.

4.3.4 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған үй-жайлардың биіктігін, жабдық габариттеріне немесе өнімдерді қоймаға орналастырудың ең жоғары мүмкіндіктегі биіктігін негізге ала отырып, ең төмен деңгейде қабылдау қажет.

4.3.5 Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың биіктігін, әдеттегідей, 4,8 м-ден асатындай етіп қабылдайды, технологиялық жабдық габариттеріне қарай кейбір жерлерді биіктетуге болады.

4.3.6 Ауыл шаруашылығы өнімдерін тауарлық өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың биіктігін 3,6 м-ден асатындай етіп жобалау ұсынылады.

4.3.7 Қоймаға орналастырылуына бірдей талаптар қойылатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің әр түрлі түрлерін сақтауға арналған ғимараттар мен имараттар, әдеттегідей, бірыңғайланған бір биіктікте жобалануы тиіс.

4.3.8 Картоп пен көкөністерді үйілген күйінде сақтауға арналған қоймаларда ішкі жағынан, сыртқы қоршау конструкцияларынан белгілі бір қашықтықта сыртқы қабырғалардан сақталатын өнімге дейін жылытылатын кеңістік түзетін тірек арақабырға орнатылуы тиіс.

4.3.9 Картоп пен көкөністерді үйілген күйінде сақтауға арналған, белсенді желдетілетін секциялардағы тарату каналдары, әдеттегідей, еден үстінде алынып-салынбалы болып жасалады, ал магистралды каналдар көбіне еден үстілік және өтпелі болып орындалады.

4.3.10 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың қақпаларын айқара ашылатын, жылжымалы немесе перделі етіп алу қажет. Адамдарды эвакуациялау үшін автомобиль көлігіне арналған айқара ашылатын және жылжымалы қақпаларда ғимараттан шығатын жол бағытында ашылатын кішкене қақпаларды (табалдырықсыз немесе биіктігі 0,1 м-ден аспайтын табалдырықпен) қарастыруға болады. Рельссіз көлікті өткізуге арналған қақпалардың жарықтағы

өлшемдері биіктігі бойынша 0,2 м және жалпақтығы бойынша 0,6 м жүк тиелген көлік құралдарының габариттік өлшемдерінен жоғары болулары тиіс.

4.3.11 Картоп пен көкөністерге арналған қамбаларды, сондай-ақ сақталатын өнімді ғимараттардың сыртқы қабырғаларынан бөліп тұратын (ауа қабатын жасау үшін) арақабырғаларды немесе ғимараттарды секцияларға бөлетін арақабырғаларды (өнімді сақтау технологиясының талаптары бойынша), әдеттегідей, тұтас қоршаумен, қаңқалы етіп жобалайды.

Жұмыс сызбаларында техникалық маталардан, пленкалардан және басқа да орама және жұқа табақты материалдардан жасалған қабырғаларды жобалау кезінде өнімді тиеу және түсіру бірізділігін көрсету ұсынылады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтаудың ұсынылатын схемалары Е қосымшасында келтірілген.

4.3.12 Құрылыс конструкциялары мен олардың қаптамаларының, әрлеу және қорғаныс жабындарының материалдары тамақ өнімдерімен жанасуы мүмкін жерлерде олар үшін зиянсыз болулары тиіс. Ұй-жайлардың қоршау конструкцияларының ішкі беттерін өңдеуді [8] және жобаның технологиялық бөліміне сәйкес жобалау қажет.

4.3.13 Жүк платформалары (рампалар), пандустар және еден үстімен жүретін көлік құралдарының енуіне арналған пандус көлбеушелері ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттарды технологиялық жобалау нормаларына және көлік құралдарының техникалық сипаттамаларына сәйкес жобалануы тиіс.

Өнімді қабылдауға немесе жөнелтуге арналған алаңдар мен рампалар көлік құралдарының, сондай-ақ оларға қызмет көрсететін көтергіш-көлік жабдығының қауіпсіз орналасуын және әр түрлі бұрылуын қамтамасыз етулері тиіс. Машиналарды бүйірлік (қуыстық) орналастыру кезінде жүкті тиеу және түсіру орындарының арасындағы ең аз қашықтықты – 1 м, ал ағымдық (өтетін жолда) орналастыру кезінде 1,5 м етіп қабылдау ұсынылады. Рампа алаңын бір автомашинаға 4,5 м есебінен қабылдайды.

4.3.14 Мүгедектерге арнап жұмыс орындары ұйымдастырылатын ғимараттар мен имараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету [15] талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.

#### **4.4 Энергияның үнемделуін, жылу шығынының азаюын және табиғи ресурстардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін ұсынылатын шешімдер**

4.4.1 Ашық жерде орнатуға болатын технологиялық, энергетикалық және санитарлық-техникалық жабдықты орналастыру үшін (технологиялық жобалау нормалары бойынша, белгіленген тәртіпте немесе жобаның технологиялық бөліміне сәйкес бекітілген арнайы тізімдер бойынша) ашық алаңдар қарастырылуы тиіс.

4.4.2 Атмосфералық жауын-шашынның, желдің, шаңның қолайсыз ықпалдары салдарынан ашық алаңда орнатыла алмайтын және пайдаланылуы белгілі бір жоғарғы температураны ұстап тұруды және қызмет көрсетуші құрамның үнемі болуын қажет етпейтін жабдықты орналастыру үшін төбе жаппалар немесе жылытылмайтын ғимараттар жобалануы тиіс.

4.4.3 Тікті қоршау конструкцияларын пайдалану режимін жеңілдету және белсенді түрде желдетілетін қоймалардың технологиялық желдету жабдығының энергия тұтынуын азайту мақсатында сақтауға арналған үй-жайларды (қамбаларды, секцияларды) құрастыру кезінде сыртқы қабырғалардан өтетін жолдармен, өтпелі желдету каналдарымен, неғұрлым жоғары температурада өнімдерді сақтауға арналған секциялармен бөліп орналастыру қажет.

4.4.4 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың жылыту және желдету жүйелерін [5] сәйкес жобалау ұсынылады.

4.4.5 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттарды, қағида бойынша, құрама күш түсетін және қоршау конструкцияларын және жергілікті құрылыс материалдарынан жасалған бұйымдарды қолдана отырып, көбіне қаңқалы етіп жобалау қажет.

4.4.6 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен құрылыстарды жылыту кезінде жаңғыртылмайтын табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану үшін қолайлы жылу-техникалық шешімдерді осы ережелер жинағының 5-бөліміне және А қосымшасына сәйкес қабылдау ұсынылады.

4.4.7 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеу технологиясының талаптарына қайшы келмейтін барлық жағдайларда суды қайта пайдалануды қарастыру ұсынылады.

4.4.8 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен құрылыстардың ішкі су құбыры мен канализациясы [16] талаптарына сәйкес жобалануы тиіс.

4.4.9 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың жылыту және желдету жүйелерін энергия үнемдеудің Еуропалық озық тәжірибесін [19-21] есепке ала отырып, [3, 4, 13] сәйкес жобалау ұсынылады.

4.4.10 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттарды жылумен жабдықтау (жылыту және желдету, ыстық сумен жабдықтау және технологиялық қажеттіліктер үшін), қағида бойынша, ЖЭО жылу желілерінен және қазандықтардан қарастырылады. Техникалық мүмкіндік болып, экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болған жағдайда, электрмен жылыту құрылғылары, жылу генераторлары, баламалы және жаңғыртылатын көздерден алынатын энергия (күн, жел, геотермалды және т.б.) пайдаланылатын индивидуалды жылумен жабдықтау жүйелерін пайдалану ұсынылады.

4.4.11 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған ғимараттар мен имараттардағы ауаның бапталуын, егер берілген метеорологиялық жағдайлар мен олардағы ауаның тазалығы желдету арқылы қамтамасыз етіле алмайтын болса, экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болған жағдайда, өнімді сақтау технологиясының талаптары бойынша қарастыруға болады.

4.4.12 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың ыстық сумен жабдықталуын [16] сәйкес жобалау ұсынылады. Ыстық судың температурасы мен шығынын технологиялық жобалау нормалары немесе жобаның технологиялық бөлімі бойынша қабылдайды.

## 5 ҚОЛАЙЛЫ ЖЫЛУ-ТЕХНИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕР

### 5.1 Табиғи конвекция жағдайларындағы жылу алмасу

5.1.1 Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған ғимараттар мен имараттардың қоршау конструкцияларының жылу-техникалық есептерін, осы ғимараттардағы жылу алмасу ерекшеліктерін есепке ала отырып, [7, 8, 18] сәйкес орындау ұсынылады.

Жылу-техникалық есептерде көкөністерді сақтау технологиясы мен үй-жайлар микроклиматының негізгі талаптары есепке алынады:

- өнім қамбаларда және қамбаларсыз бос (ақтарылған) күйінде белсенді желдету жағдайларында, сондай-ақ контейнерлерде сақталады (қоршау конструкцияларының есептері);

- өнім массасындағы температуралық режим сақтаудың әрбір кезеңі үшін оңтайлы сыртқы желдету (ішкі ауа), немесе олардың қоспасы (қажет болған жағдайда, жылыта отырып) арқылы сақталады;

- сақтауға арналған үй-жайларды технологиялық жылыту қуаттылығы жылу алмасуға қатысатын өнімнің жылу бөлулерін есепке ала отырып, қабылданады (жинаудың үймелі тәсілінде);

- жабынның ішкі жақ бетінде сыртқы ауаның қысқы есепті температураларында консенсаттық тамшы түзілмеуі тиіс, сақталатын өнім үйіндісінің бетінде ылғалдың жинақталуына жол беруге болмайды;

- қоршау конструкцияларының жылу беруге талап етілетін кедергісі жылу алмасудың тұрақтылық жағдайлары үшін анықталады;

- ішкі және сыртқы ауа температураларын тұрақты етіп қабылдайды;

- тек күзде немесе көктемде (маусымдық кәсіпорындарда) пайдаланылатын ғимараттар мен имараттардың қоршау конструкцияларын жобалау кезінде сыртқы ауаның есепті температурасын осы ғимараттарды пайдалану кезеңінің ең суық айындағы сыртқы ауа температурасының ең жоғары тәуліктік ауытқу шектерінің 0,7 шамасына азайтылған осы айдағы сыртқы ауаның орташа температурасына тең етіп қабылдау ұсынылады.

5.1.2 Жылу алмасуын есептеу төбелердің беттері және өнім үйіндісінен өтетін жолмен бөлінген сыртқы қабырғалар үшін орындалады.

5.1.3  $R_0^{ЭК}$ ,  $m^2 \cdot ^\circ C / Wt$  қоршау конструкцияларының жылу беруге кедергісін [8, 18] сәйкес анықтау қажет.

5.1.4 Есепті салыстырмалы ылғалдылық ретінде ең жоғары шамалар қабылдануы тиіс болатын, пияз бен (салқын жерде сақтау тәсілі кезінде) сарымсаққа арналған қоймадан басқа, сақтауға арналған үй-жайлардағы есепті жылу берілісі мен ауаның салыстырмалы ылғалдылығы ретінде ең төменгі мәндер қабылдануы тиіс.

5.1.5  $R_0^K$ ,  $m^2 \cdot ^\circ C / Wt$  қоршау конструкциясының жылу беруге кедергісін [8, 18] сәйкес келтірілген шығындардың ең төменгі мәндері бойынша анықтау қажет.

5.1.6  $t_{жыл.кез.}$ ,  $^\circ C$  жылыту кезеңінің орташа температурасы мен  $Z_{жыл.кез.}$ , сағ. оның ұзақтығын келесі формулалар бойынша анықтау қажет:

$$t_{\text{жыл.кез.}} = a_1 t_{\text{ш}}^2 + b_1 t_{\text{ш}} + c_1, \quad (1)$$

$$z_{\text{жыл.кез.}} = [a_2 t_{\text{ш}}^2 + a_2 t_{\text{ш}} + c_2] 10_2, \quad (2)$$

мұндағы  $a_1, b_1, c_1, a_2, b_2, c_2$  В қосымшасынан қабылдануы тиіс;

$t_{\text{ш}}$  – келесі формула бойынша анықталатын сыртқы ауаның шекаралық температурасы, °С:

$$t_{\text{ш}} = t_{\text{в}} - \frac{q_{\text{м}} F_{\text{пр}}}{\frac{F_{\text{с}}}{R_0^{\text{с}}} + \frac{F_{\text{п}}}{R_0^{\text{п}}}}, \quad (3)$$

мұндағы  $q_{\text{м}}$  – өнім үйіндісінен шығатын, картоп үшін  $2,7 \text{ Вт/м}^2$ -ге, тамыр жемістері, пияз, сарымсақ және қырыққабат үшін  $1,9 \text{ Вт/м}^2$ -ге тең жылу ағыны;

$F_{\text{пр}}$  – өнім үйіндісінің тік, көлбеу және көлденең (еденмен шектесіп жатқан бетінен басқа) беттері аудандарының жиынтығы,  $\text{м}^2$ ;

$F_{\text{с}}, F_{\text{п}}$  – сақтауға арналған үй-жаймен бірыңғай көлемді шектейтін барлық сыртқы қабырғалар беттерінің аудандары,  $\text{м}^2$ ;

$R_0^{\text{с}}, R_0^{\text{п}}$  – жылу инерциясын есепке ала отырып анықталатын сыртқы қабырғалар мен жабындардың (желдетілетін қабаттары бар сыртқы қабырғалардан басқа) жылу беруге кедергілері,  $\text{м}^2, \text{°С/Вт}$ .

5.1.7 Өнім үйіндісін сыртқы қабырға бетінен биіктігінің жалпақтығына қатынасы б-дан көп болатын (тығыздалған конвекция) ауа қабатымен бөлген кезде, соңғысының бетінде конденсаттың түзілуіне және өнімнің қабырғаға жақын орналасқан қабатының қатып қалуына жол бермеу мақсатында оны ішкі ауамен желдету қажет.

5.1.8 Қоршау конструкцияларының шешімін, олардың ішкі беттерінің жанында тиімді жалпақтығы  $\zeta_{\text{пр}} = 0,05 - 0,07 \text{ м}$  болатын желдетілетін ауа қабатын орната отырып, қабылдау ұсынылады.

## 5.2 Желдетілетін қабат болған жағдайда, сыртқы қабырғаның ішкі беті тұсындағы жылу алмасу

5.2.1  $R_0^{\text{эк}}, \text{м}^2 \cdot \text{°С/Вт}$  желдетілетін қабаты бар сыртқы қабырғаның жылу берілуіне кедергісін  $\Pi$ , теңге/ $\text{м}^2$  ең аз көлемдегі келтірілген шығындар әдісі бойынша [9,21] сәйкес анықтау қажет:

$$\Pi = C_{\text{д}} + (t_{\text{в}} - t_{\text{жыл.кез.}}) z_{\text{жыл.кез.}} m C_{\text{т}} I_{\text{т}}, \quad (4)$$

мұндағы  $C_{\text{д}}$  – (5) формуласы бойынша анықталатын қоршау конструкциясының «іс жүзіндегі» құны, теңге/ $\text{м}^2$ ;

$t$  – 1,05-ке тең болып қабылданатын, сыртқы ауа инфильтрациясына жұмсалатын жылудың қосымша ысыраптарын есепке алатын коэффициент;

$I_{\text{т}}$  – [18] бойынша қабылданатын, болашақта жылу энергиясы құнының өзгеруін есепке алатын коэффициент;

## ҚР ЕЖ 3.02-131-2012

$C_T$  – жылытуға жұмсалатын энергияның құны, теңге/Дж; 3600 – БЖ өлшем бірліктеріне ауыстыру коэффициенті;

$E_{н.п.}$  – әр түрлі уақытта болған шығындарды келтіруге арналған коэффициент, 1/жылда 0,08-ге тең;

$R_0$  – (7) формуласы бойынша анықталатын, ең төменгі келтірілген шығындарды есептеу үшін қабылданатын қоршау конструкциясы нұсқаларының жылу беруге кедергісі,  $m^2 \cdot ^\circ C / Вт$ .

5.2.2 Қоршау конструкциясының «іс жүзіндегі» құны:

$$C_d = \frac{C_{d1} + C_{d2} \delta_2 + (C_T + B_B C_K + B_3)}{F_c}, \quad (5)$$

мұндағы  $C_{d1}$ ,  $C_{d2}$  – қалыңдығы тұрақты, теңге/ $m^2$  және өзгермелі (есептеу барысында), теңге/ $m^3$  қоршау конструкциясы қабаттарының құрылыс-монтаж жұмыстарының өзіндік құны;

$\delta_2$  – қоршау конструкциясы қабатының ауыспалы қалыңдығы (есептеу барысындағы нұсқалар), м;

$C_T$  – қабатқа ауа беріп тұратын желдеткіштердің өзіндік құны, теңге;

$B_B$  – (6) формуласы бойынша анықталатын, қабаттан жоғарғы аймаққа өтетін ауаны жылыту үшін қажетті электр калориферлерінің қосымша саны, дана;

$C_K$  – электр калориферінің өзіндік құны, теңге/дана;

$B_3$  – қабатқа ауаны бөліп тарататын ауа өткізгіштердің өзіндік құны, теңге.

5.2.3 Жоғарғы аймақтағы электр калориферлерінің қосымша саны, дана мына формула бойынша анықталады:

$$B_B = \frac{L C_p \gamma_B (t_B - t_{np}) l'}{3600 N}, \quad (6)$$

мұндағы  $L$  – қабаттағы ауаның көлемді шығыны,  $m^3 / (сағ \cdot м)$ . Жоғарғы аймақтан қабатқа ауаны жылытусыз беру ең оңтайлы шешім болып табылады;

$C_p$  – қабаттағы ауаның 1 кДж/(кг $\cdot$ °C) тең болатын үлесті жылу сыйымдылығы;

$\gamma_B$  – қабаттағы ауаның тығыздығы, кг/ $m^3$ ;

$t_B$  – жоғарғы аймақтан алынатын ауаның қабатқа кіре берістегі температурасы 1°С-қа жоғары болып қабылданады;

$t_{np}$  – ауаның қабаттан шыға берістегі температурасы, °С;

$l'$  – желдетілетін қабаты бар қабырғаның сыртқы бөлігінің ұзындығы, м;

$N$  – бір электр калориферінің қуаттылығы, кВт.;

$B_B$  шамасының мәні оның бөлшектік бөлігі  $\geq 0,3$  болғанда, арту жағына; ал олай болмаған жағдайда – азаю жағына тұтас санға дейін дөңгелектеледі.

5.2.4  $R_0$ ,  $m^2 \cdot ^\circ C / Вт$  сыртқы қабырғаның жылу беруге кедергісін мына формула бойынша анықтау қажет:

$$R_0 = \sum \frac{\delta_i}{\lambda_i} + \frac{1}{a_n} + \frac{1}{a_{вп}}, \quad (7)$$

мұндағы  $\delta_i$  – қалыңдық, м,

$\lambda_i$  – қоршау конструкциясы қабаттары материалының жылу өткізгіштік коэффициенті, Вт/(м·°С);

$a_n$  – [18] бойынша қабылданатын қоршау конструкциясының сыртқы бетінің қысқы жағдайлар үшін жылу беру коэффициенті, Вт/(м<sup>2</sup>·°С);

$a_{вп}$  – келесі формула бойынша анықталатын қабаттағы жылу берудің орташа коэффициенті, Вт/(м<sup>2</sup>·°С):

$$a_{вп} = \frac{0,814}{\frac{1}{C_1} + \frac{1}{C_2} - \frac{1}{C_0}} + \frac{4,35 \cdot 10^{-3} (\delta_{пр} + 1)^{0,2} L^{0,8}}{\delta_{пр}}, \quad (8)$$

мұндағы  $C_0, C_1, C_2$  – қап-қара дене мен қабаттағы беттер материалдарының сәулелену коэффициенттері, Вт/(м<sup>2</sup>·°С<sup>4</sup>).

5.2.5 Желдетілетін қабаттағы ауаның көлемді шығыны мен одан шыға берістегі температураны (6,7) формуласындағы  $R_0$  және  $R_{вп} = 1/a_{вп}$  арасындағы,  $\Delta R$ , м<sup>2</sup>·°С/Вт айырмасын есептеу негізінде қабылдау қажет:

$$\Delta R = R_0 - R_{вп} = \sum \frac{\delta_i}{\lambda_i} - \frac{1}{a_n}, \quad (9)$$

5.2.6 Қоршау конструкциясының жылу беруге кедергісінің қарастырылып отырған нұсқалары жылу өткізгіштік коэффициенті (жылытқыш) азырақ қабат қалыңдығын түрлендіру арқылы алынуы тиіс, ал зауытта дайындалатын панельдер қолданылған жағдайда, олардың қалыңдығы бойынша саралануын есепке алу мақсатқа сай болады. Бұл ретте есепте қабылданатын қоршау конструкциясының әрбір қалыңдығы үшін жылу беруге кедергі мен қабаттағы ауаның тиісті шығыны, онда конденсаттың түзілмеуі мен қабырғаға жақын орналасқан қабаттағы өнімнің қатып қалуын болдырмау қамтамасыз етілген жағдайда, қолайлы шамалар болып табылады.

5.2.7 Қоршау конструкциясының бу өткізуге кедергісі [9, 21] бойынша бағалануы тиіс.

5.2.8 Қоршау конструкциясы қабаттарының материалдарын келесі бірізділікте орналастыру ұсынылады: ішкі бетінің жанында тығыз, бу аз өтетін материалдар болуы тиіс; сыртқы бетіне қарай жылуды аз өткізетін, кеуекті, көбірек бу өткізетін қабаттар орналасуы тиіс. Топырақ үйіндісінің немесе ірге жаппаның жоғарғы жағынан 1 м-ге төмен орналасқан қабырға қоршауының жылу беруге кедергісі оның жоғарыда орналасқан бөлігінің мәнінен кем болмауы тиіс, ал еденді жылылау (жер асты сулары және т.б.) қажет болған жағдайда, жылыту аймағының енін 1,5 м етіп қабылдау ұсынылады.

### 5.3 Сақтауға арналған үй-жайлардың технологиялық жылытылуы

5.3.1  $Q_0$ , Вт технологиялық жылытуға жұмсалатын жылу мөлшерін сақтауға арналған үй-жайлардың жылу теңгерімі келесі теңдеуінен анықтау ұсынылады:

$$Q_0 = Q_c + Q_{\Pi} + Q_v - Q_m + Q_{\text{пр}}, \quad (10)$$

Сыртқы қоршаулардың ішкі беттерінде желдетілетін қабаттар болмаған жағдайда,  $Q_{\text{пр}} = 0$ . (10) теңдеуі толық күйінде:

$$Q_0 = \left( \frac{F_c}{R_0^c} + \frac{F_{\Pi}}{R_0^{\Pi}} + \frac{0,278G'c_pW}{d_i - d_c} \right) (t_{v\text{max}} - t_c) + \frac{F_c^{\text{шект.}}}{R_0^{\text{шект.}}} (t_v - t_{\text{шект.}}), \quad (11)$$

мұндағы 0,278 – БЖ өлшем бірліктеріне ауыстыру коэффициенті;

$G'$  – сақталатын өнімнің салмағы, т;  $c_p$  – ауаның үлестік жылу сыйымдылығы, кДж/(кг·°C);

$W$  – өнім үйіндісінің ылғал бөлуі, кг/(т·сағ.);

$d_i, d_c$  – тиісінше ішкі және сыртқы ауаның ылғал мөлшері, кг/кг;

$t_{v\text{max}}$  – технологиялық жылытуға жұмсалатын жылу мөлшерін анықтауға арналған ішкі ауаның есепті температурасы, °C [19];

$t_{\text{шект.}}$  – шектес үй-жайдағы ауа температурасы, °C;

$F_c^{\text{шект.}}$  – шектес үй-жай қабырғасының беттік ауданы, м<sup>2</sup>;

$R_0^{\text{шект.}}$  – шектес үй-жай қабырғасының жылу беруге кедергісі, м<sup>2</sup>·°C/Вт;

$t_c$  – сыртқы ауаның есепті температурасы, °C;

$l'$  – желдетілетін қабаты бар сыртқы қабырғалардың ұзындығы, м.

5.3.2 Технологиялық жылыту агрегаттарының саны, қағида бойынша, келесі формуладан анықталады:

$$n = \frac{Q_0}{N_3}, \quad (12)$$

мұндағы  $N_3$  – жылыту агрегатының қуаттылығы, Вт. Жылудың біркелкі таралуын қамтамасыз ете отырып, оны қойманың жоғарғы аймағына және технологиялық өту жолдарына беру қажет.

5.3.3 Қойманың басқа үй-жайларын жылыту үшін қажетті жылу мөлшерін, [8] талаптарын есепке ала отырып, белгіленген тәртіпте анықтайды.

### 5.4 Желдету жүйелері

5.4.1 Ағымдық желдету жүйесі ағымдық шахтадан, желдеткіштен, магистральдық және ауаны бөліп тарату каналынан тұрады.

Ағымдық шахта мен желдеткіштің арасында калориферді орнатқан жағдайда, соңғысының қақпақшасы бар айналма каналы болуы тиіс.

5.4.2 Картоп үйіндісіне ауа беру үшін көлденең қималары тұрақты немесе ауыспалы еден асты немесе еден үсті ауаны бөліп тарату каналдары қолданылады. Еден асты каналдарының қимасын тік бұрышты, ал еден үсті каналдарының қимасын үш бұрышты етіп орындау ұсынылады, ең жоғарғы шектегі бұрышты 90°-қа тең етіп қабылдау ұсынылады. Ауаны тарататын торларды каналдардың жабындарында орналастырады.

Каналдарды тұтас торлы жабынмен жабуға, сондай-ақ еден асты қоймасы бар тұтас торлы едендерді орнатуға болады.

5.4.3 Ауаны тарататын торлардың өнімді қимасының ауданын келесі формула бойынша анықтайды, м<sup>2</sup>:

а) ауаны бөліп тарату каналдарын бір канал үшін орнатқан кезде

$$S_{ж} = \frac{A \cdot v \cdot q}{k_1 \cdot V_p \cdot 3600}, \quad (13)$$

мұндағы А – канал бойындағы жоспардағы өнім үйіндісінің көлемі, м;

v – көршілес каналдар осьтерінің арасындағы арақашықтық, м;

q – өнім үйіндісінің желдетілу қарқындылығы, м<sup>3</sup>/(м<sup>2</sup> сағ.);

k<sub>1</sub> – өнім салынған тордың өнімді қимасының жабылуын есепке алатын коэффициент; k<sub>1</sub> = 0,5 (картоп, пияз); k<sub>1</sub> = 0,6 (қырыққабат, тамыр жемістер);

V<sub>p</sub> – торлардың өнімді қимасындағы ауаның орташа жылдамдығы, м/с;

б) торлы еден орнату кезінде торлардың өнімді қимасының ауданын да, v шамасын горизонталь жазықтықтағы А, м өлшеміне перпендикуляр өнім үйіндісінің өлшемін білдіретін В шамасына ауыстыра отырып, (13) формула бойынша анықтайды.

5.4.4 Өнім үйіндісін желдету қарқындылығын мына формула бойынша анықтайды:

$$q = \frac{v \cdot G}{A \cdot B}, \quad (14)$$

мұндағы v – ауаның үлестік шығыны, м<sup>3</sup>/(т·сағ.) [6];

G – өнім үйіндісінің салмағы, т.

5.4.5 m, дана бөліп тарату каналдарының саны мына арақатынастан анықталады:

$$m = \frac{B}{b}, \quad (15)$$

5.4.6 Еден үсті каналының көлденең қимасының ауданы:

$$S_k \geq 0,12 \cdot S_{ж}, \quad (16)$$

шартын қанағаттандыруы тиіс.

5.4.7 Ауаны бөліп тарату каналдарында, қағида бойынша, ауаның кіре берісінде қолмен немесе автоматты түрде басқарылатын дроссель-клапан немесе шибер болады.

5.4.8 Кіре беріс қимасындағы орташа жылдамдыққа жатқызылған еден асты каналдарының жергілікті кедергі коэффициентін (ЖКК) шыға беріс саңылауларының жиынтық салыстырмалы ауданына қарай 1-кесте бойынша қабылдау ұсынылады. Ауаның шығуы үшін саңылаулар түзетін планкалары көлденең орналастырылатын еден үсті каналдарының ЖКК да 1-кесте бойынша анықтау ұсынылады. Планкалары бойлық күйде орналастырылатын және ішкі қаңқасы бар еден үсті каналдарының ЖКК 1,5-ға тең деп қабылдау және ауаның жүріс жолындағы бірінші, қаңқа арқылы түзілген тар қимадағы жылдамдыққа жатқызу ұсынылады.

5.4.9 Магистралды каналдарға желдеткіш пен ауаны бөліп тарату каналдарының арасында орналасқан каналдарды жатқызады. Магистралды каналдарды өтпелі етіп жобалау ұсынылады.

5.4.10 Магистралды каналға, әдеттегідей, олардың жұмысын қайталайтын кем дегенде екі желдеткіш қосылады. Желдеткіш пен магистралды каналды қосуды аэродинамикалық кедергісі барынша аз өтпелі бөлік арқылы орындау ұсынылады.

5.4.11 Өнім үйіндісіне ауа беру үшін қысымы төмен сыртқа тебуші (радиалды) желдеткіштер орнату мақсатқа сай болады.

Қажетті қысымды дамытатын өстік желдеткіштерді пайдалануға болады.

Электр қозғалтқышының білігінде дөңгелегі бар желдеткіштерді қолдану ұсынылады.

### 1-кесте – Арналардың жергілікті кедергілерінің коэффициенттері

Атауы	Белгіленуі	Коэффициенті							
		1	1,5	2	3	4	5	6	10
Шыға берістің салыстырмалы ауданы	$S_{ж}/S_{к}$	1	1,5	2	3	4	5	6	10
Жергілікті кедергі коэффициенті	$\zeta$	19	10	6	4	3	2,5	2	1,1

5.4.12 Өнім үйіндісіне ауа беретін желдеткіштің өнімділігін, м<sup>3</sup>/с, ауаның үлестік шығынын негізге ала отырып, мына формула бойынша анықтайды:

$$L = \frac{G_y}{3600 \cdot S}, \quad (17)$$

мұндағы S – желдету қондырғыларының саны.

5.4.13  $H_{ж}$ , Па ағымдық желдету желісінің жалпы кедергісі мына формуламен көрсетіледі:

$$H_{ж} = 1,1 \cdot (H_{а.ш.} + H_{м.к.} + H_{а.к.} + H_{\gamma}), \quad (18)$$

мұндағы  $H_{а.ш}$  – ағымдық шахта кедергісі, Па;

$H_{м.к}$  – магистралды канал кедергісі, Па;

$H_{а.к}$  – ауаны бөліп тарату каналының кедергісі, Па;

$H_{\gamma}$  – өнім үйіндісінің кедергісі, Па.

5.4.14 Ағымдық шахта мен магистралды клапандағы қысымның (кедергінің) жоғалуын есептеу жолымен (кәдімгі әдістермен) анықтайды. Мысалы, қысымның үлестік жоғалуы әдісімен. Магистралды каналды есептеу кезінде, үйіндінің кедергісін есепке ала отырып, тармақтар бойынша кедергілерді байланыстыру қажет.

5.4.15 Ауаны бөліп тарату каналының кедергісін мына формула бойынша табады:

$$H_{a.k.} = \xi \cdot P_{k.b.k.} = \xi \cdot \rho \cdot \frac{V_k^2}{2}, \quad (19)$$

мұндағы  $\xi$  – канал кедергісі коэффициентін 1-кесте бойынша анықтайды;

$P_{k.b.k.}$  – каналға кіре берістегі орташа динамикалық қысым, Па;

$V_k$  – каналға кіре берістегі ауаның орташа жылдамдығы, м/с.

5.4.16 Желдеткіш арқылы алмасатын ауаның тығыздығын, кг/м<sup>3</sup> мына формула бойынша анықтайды:

$$\rho = \frac{0,35 \cdot P_{бар}}{273 + t}, \quad (20)$$

мұндағы  $P_{бар}$  – барометрлік қысым, гПа, [21] бойынша анықталады;

$t$  – ауа температурасы, °С.

Өнім үйіндісінің гидравликалық кедергісін Б қосымшасы бойынша анықтайды.

5.4.17 Желдеткіш өнімділігі мен желі кедергісінің есепті мәндерінде желдету жабдығын таңдауды, қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес желдеткіштердің сипаттамаларын пайдалана отырып, жүргізу ұсынылады.

5.4.18  $N_{ж}$ , кВт желдеткіштің электр қозғалтқышының қуаттылығын мына формула бойынша анықтайды:

$$N_{ж} = L \cdot \frac{H_c}{\eta_{ж}} \cdot \eta_6 \cdot 10^3, \quad (21)$$

мұндағы  $\eta_{ж}$  – желдеткіштің ПӘК;

$\eta_6$  – берілістің ПӘК.

5.4.19 Желдеткіштің ПӘК және айналу жиілігін желдеткіштің сипаттамасы бойынша анықтайды. Айналыру мезетін электр қозғалтқышынан желдеткіш дөңгелегіне беру әдетте олар үшін  $\eta_6 = 0,95$  болатын сыналық белдіктермен жүзеге асырылады. Дөңгелекті электр қозғалтқышының білігіне бекіту кезінде  $\eta_6 = 1$ .

5.4.20 Электр қозғалтқышының белгіленген қуаттылығы:

$$N_{белг.} = k \cdot N_{ж}, \quad (22)$$

мұндағы  $k$ -ны [21] бойынша анықтайды.

**5.5 Ауыл шаруашылығы өнімдерін жылумен өңдеуге арналған жабдықтың қуаттылығы (пиязды жылумен өңдеу мысалында)**

5.5.1  $V, \text{ м}^3 /(\text{т}\cdot\text{сағ.})$  әр түрлі тұқымды пиязды жылумен өңдеу кезіндегі ауаның үлестік шығыны мына формула бойынша анықталады:

$$V = v \cdot \varepsilon \cdot \frac{3600}{\kappa_1 \cdot \rho_{\text{г}} \cdot h}, \quad (23)$$

мұндағы  $V$  – ауаның өнім массасы арқылы сүзілу жылдамдығы, м/с;

$\varepsilon$  – пияз үйіндісінің 0,36-ға тең тығыздығы;

$\kappa_1$  – жылудың өнімсіз ысырабын есепке алатын қор коэффициенті, 0,7;

$\rho_{\text{г}}$  – пияздың 0,6-ға тең үйінді тығыздығы, т/м<sup>3</sup> (Г қосымшасы);

$h$  – пияз үйіндісінің биіктігі, м.

5.5.2  $v, \text{ м/с}$  ауаның өнім массасы арқылы сүзілу жылдамдығы мына формула бойынша анықталады:

$$v = B \cdot \frac{h}{t_{\text{ос}} \cdot \tau_c}, \quad (24)$$

мұндағы  $B$  – қабыршағының бастапқы ылғалдылығы 50 % болғанда, пияздан алынып тасталуы тиіс ылғалдың пайыздық құрамына қатысты коэффициент 2-кесте бойынша қабылданады.

5.5.3 Қабыршағының бастапқы ылғалдылығы 50%-дан өзгешеленетін пияз кептіруге келіп түскен жағдайда, (24) формулада  $B$  коэффициентінің орнына 2-кестеден пияз қабыршағының бастапқы және соңғы ылғалдылықтарының арасындағы айырмашылыққа көбейтілген  $B_1$  коэффициенті қабылдануы тиіс.

**2-кесте – Пияздың тұқымына және орташа диаметріне қарай коэффициенттердің мәндері**

$B_1$ және $B$ коэффициенттері	Басты пияз және аналық пияз, пияз басының көлемі, см			Іріктеме пияз	Екпе пияз
	8-10	5-7	3-4		
Қабыршағының азаюының 1 пайызына – $B_1$ коэффициенті	3,48	3,76	4,51	5,71	6,95
Қабыршақтарының бастапқы ылғалдылығы 50% болғанда, күллі кептіру кезеңіне – $B$ коэффициенті	121,7	131,6	158	200	243,2

5.5.4 Өнімнен алынып тасталуы тиіс ылғалдың пайыздық құрамы  $\eta, \%$ :

$$\eta = \frac{\tau_c}{6,6}, \quad (25)$$

5.5.5 Желдету жүйесінің өнімділігі  $L$ , м<sup>3</sup>/сағ.:

$$L = V \cdot G_1, \quad (26)$$

мұндағы  $G_1$  – бір уақытта жылумен өңделетін өнімнің массасы, т.

5.5.6  $N$ , кВт желдету жабдығының қуаттылығы желдеткіш ауасының есепті мөлшерін үрленетін ауа температурасына дейін жылыту шартынан мына формула бойынша анықталады:

$$N = \kappa_2 \cdot c_a \cdot L \cdot \frac{(t_0 - t_{но})}{3600}, \quad (27)$$

мұндағы  $\kappa_2$  – 1,2-1,5-ке тең, ауаны бөліп тарату жүйесіндегі жылу ысырабын есепке алатын коэффициент. Жылу оқшауланған ауа өткізгіштер қысқа болғанда –  $\kappa_2$  ең аз мәні, ал жылу оқшауланған ауа өткізгіштердің тармақталған жүйесінде ең жоғары мәні қабылданады;

$c_a$  – ауаның 1,1-ге тең орташа көлемдік жылу сыйымдылығы, кДж / (м<sup>3</sup>·°C);

$t_0$  – кептіру  $t_{oc}$  немесе термиялық өңдеу  $t_{от}$  кезіндегі үрленетін ауа температурасына тең болып қабылданатын, пияз массасына кіре берістегі ауа температурасы, °C;

$t_{но}$  – пиязды өңдеудің берілген кезеңі үшін калориферге кіре берістегі ауа температурасы, °C.

5.5.7 35°C бастапқы температурасымен термиялық өңдеуге келіп түсетін пияз массасының қызу ұзақтығы  $\eta_t$ , сағ. мына формула бойынша анықталады:

$$\eta_t = 8,2 \cdot h^{0,74} \cdot \frac{d_6^{0,26}}{v}, \quad (28)$$

мұндағы  $d_6$  – пияз бастарының  $d_6 = 0,375 d_{орт.}$  арақатынасынан анықталатын баламалы диаметрі, м;

$d_{орт.}$  – пияз бастарының 2-кесте бойынша қабылданатын орташа диаметрі, м;

$v$  – ауаның сүзілу жылдамдығы, м/с.

## 5.6 Қоршау конструкцияларының жылу берілуіне кедергісі

5.6.1 Өндірістік үй-жайлардағы негізгі зиянды факторлар жазғы кезеңде жылу және ылғал бөлу, ал қысқы және өтпелі кезеңдерде ылғал бөлу болып табылады.

5.6.2  $R_0^{тал.}$ , м<sup>2</sup>С/Вт ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен үй-жайлардың (технологиялық жылу және ылғал бөлу болатын) қоршау конструкцияларының жылу берілуіне талап етілетін кедергісін [18] бойынша анықтайды.

5.6.3  $\delta_{жыл.}^{тал.}$ , м қоршау конструкциясының жылыту қабатының талап етілетін қалыңдығын мына формула бойынша анықтайды:

$$\delta_{\text{жыл.}}^{\text{тал.}} = \lambda_{\text{жыл.}} \left[ R_0^{\text{тал.}} - \left( \frac{1}{a_{\text{ішкі}}} + \frac{1}{a_c} + \sum \frac{\delta_i}{\lambda_i} \right) \right], \quad (29)$$

мұндағы  $\lambda_{\text{жыл.}}$  –  $a_{\text{ішкі}}$ ,  $a_c$  – қоршау конструкциясының тиісінше ішкі және сыртқы беттерінің жылу беру коэффициенттері, Вт/(м<sup>2</sup> С);

$\delta_i$  – қоршау конструкциясы қабаттарының конструкциялық тұрғыдан қабылданатын қалыңдығы, м;

$\lambda_i$  – қоршау конструкциясы қабаттарының [18] бойынша қабылданатын жылу өткізгіштік коэффициенті.

### 5.7 Жылыту үшін қажетті жылудың ұсынылатын мөлшері

5.7.1  $Q_{\text{жыл.}}$ , Вт жылытуға жұмсалатын жылу мөлшерін мына формула бойынша анықтайды:

$$Q_{\text{жыл.}} = Q_{\text{ү.ж.}} + Q_a - Q_{\text{ү.к.}}, \quad (30)$$

мұндағы  $Q_{\text{ү.ж.}}$  – үй-жайлардың жылу жоғалтулары, Вт;

$Q_a$  – ағымдық ауаны жылытуға жұмсалатын жылу мөлшері, Вт;

$Q_{\text{ү.к.}}$  – үй-жайға келетін жылу, Вт.

5.7.2 Үй-жайдың жылу жоғалтуын, Вт, мына формула бойынша анықтайды:

$$Q_{\text{ү.ж.}} = Q_{\text{қор.}} + Q, \quad (31)$$

мұндағы  $Q_{\text{қор.}}$  – (32) формула бойынша анықталатын қоршау конструкцияларының жылу жоғалтулары, Вт;

$Q$  – (34) формула бойынша анықталатын, үй-жайға әкелінетін ыдысты жылытуға жұмсалатын жылу ысыраптары, Вт.

5.7.3 Қоршау конструкцияларының жылу жоғалтулары:

$$Q_{\text{қор.}} = \sum \frac{F_1^i}{R_{0,1}^i} (t_{\text{қ.а.}} - t_c) + \frac{F_2^i (t_{\text{қ.а.}} - t_{\text{ж.а.}})}{R_{0,2}^i (2 - t_c)} + \frac{F_2}{R_0^{\text{жаб.}}} (t_{\text{қ.а.}} - t_c), \quad (32)$$

мұндағы  $F_1^i$  – еден, сыртқы қабырғалар беттерінің және еденнен 4,0 м биіктікке дейінгі әйнектелген беттердің аудандары, м<sup>2</sup>;

$R_{0,1}^i$  – еденнің, сыртқы қабырғалардың және еденнен 4,0 м биіктікке дейінгі әйнектелген беттердің жылу берілуіне кедергісі, м<sup>2</sup>°С/Вт;

$t_{\text{қ.а.}}$  – есепті кезең үшін нормаланатын ішкі температураға тең болып қабылданатын, қызмет көрсету аймағындағы ауа температурасы, °С;

$t_c$  – сыртқы ауаның есепті температурасы, °С;

$F_2^i$  – сыртқы қабырғалардың беттері мен еденнен 4,0 м-ден жоғары биіктіктегі әйнектелген беттердің аудандары, м<sup>2</sup>;

$R_{0,2}^i$  – сыртқы қабырғалар мен еденнен 4,0 м-ден жоғары биіктіктегі әйнектелген беттердің жылу берілуіне кедергісі,  $\text{м}^2\text{°C/Вт}$ ;

$t_{ж.а.}$  – жоғарғы аймақтағы ауа температурасын,  $\text{°C}$ , мына формула бойынша анықтайды:

$$t_{ж.а.} = t_{қ.а.} + D(h - 4), \quad (33)$$

мұндағы  $D$  – үй-жайдың төменгі аймағына шашырап келуі кезіндегі орташаландырылған мәні 2-сурет бойынша қабылданатын температуралық градиент,  $\text{°C/м}$ ;

$h$  – үй-жайдың биіктігі, м;

4 – [6] сәйкес жылу жоғалтуларды анықтау кезінде үй-жай биіктігін бөлу сызығы, м;

$F_{ж.}$  – жабын бетінің ауданы,  $\text{м}^2$ ;

$R_0^{жаб.}$  – жабынның жылу берілуіне кедергісі,  $\text{м}^2\text{°C/Вт}$ .

5.7.4 Маусымдық кәсіпорындар үшін жылыту мен желдетуді есептеу кезінде сыртқы ауа температурасын осы ережелерге сәйкес анықтау ұсынылады. (32) формуладағы құрауыштардың саны қоршау конструкциясының түрі мен үй-жай биіктігіне байланысты болады.

5.7.5 Үй-жайға әкелінетін ыдысты жылытуға жұмсалатын жылу ысыраптары:

$$Q_{ж.} = \Sigma P \cdot c_{ы.} \cdot \frac{(t_{қ.а.} - t_{ы.})}{3,6}, \quad (34)$$

мұндағы  $P$  – үй-жайға әкелінетін ыдыстың салмағы, кг/сағ.;

$c_{ы.}$  – ыдыс материалының үлесті жылу сыйымдылығы,  $\text{кДж/(кг·°C)}$ ;

$t_{ы.}$  – жылыту үшін сыртқы ауаның есепті температурасына тең болып қабылданатын ыдыс материалының температурасы,  $\text{°C}$ .

5.7.6 Ағымдық ауаны жылытуға жұмсалатын жылу мөлшерін мына формула бойынша анықтайды:

$$Q_a = L \cdot c_p \cdot \gamma \cdot \frac{(t_{қ.а.} - t_c)}{3,6}, \quad (35)$$

мұндағы  $L$  – 5.12, 5.13-тармақтарына сәйкес үй-жайдағы ылғалды араластыруға арналған сыртқы ауа мөлшері,  $\text{м}^3/\text{сағ.}$ ;

$c_p = 1 \text{ кДж/(кг·°C)}$  – ауаның үлесті жылу сыйымдылығы;

$\gamma$  – ағымдық ауаның тығыздығы,  $\text{кг/м}^3$ ;

3,6 – БЖ жүйесіне аудару коэффициенті.

5.7.7  $Q_{ү.к.}$ , Вт үй-жайларға келетін жылуды мына формула бойынша анықтайды:

$$Q_{ү.к.} = Q_э + Q_я + Q_{шект.} + Q_{жж}, \quad (36)$$

мұндағы  $Q_э$  – орнатылған электр қозғалтқыштарынан бөлінетін жылу, Вт;

$Q_я$  – қызмет көрсетуші құрамнан бөлінетін жылу, Вт;

**ҚР ЕЖ 3.02-131-2012**

$Q_{\text{шект.}}$  – шектес үй-жайлардан бөлінетін жылу, Вт;

$Q_{\text{жж}}$  – қызған жабдық беттерінен бөлінетін жылу, Вт;

$Q_{\text{эж}}$  – электрмен жарықтандырудан бөлінетін жылу, Вт.

5.7.8 Электр қозғалтқыштарынан бөлінетін жылу:

$$Q_{\text{э}} = 10^3 \cdot \mu_1 \cdot \mu_2 \cdot \mu_3 \cdot \mu_4 \cdot N_{\text{ном}}, \text{ Вт}, \quad (37)$$

мұндағы  $10^3$  – пропорционалдық коэффициенті;


$\mu_1$  – 0,7-0,9 шегінде қабылданатын белгіленген қуаттылықты пайдалану коэффициенті;

$\mu_2$  – 0,5-0,8-ге тең болып қабылданатын жүктелу коэффициенті (қуаттылықты орташа тұтынудың ең жоғары тұтынуға қатынасы);

$\mu_3$  – технологиялық талаптарға сәйкес 0,5-1-ге тең болып қабылданатын машиналар жұмысының мезгілділік коэффициенті;

$\mu_4$  – 0,65-1-ге тең болып қабылданатын, бөлінетін жылудың ауамен ассимиляциясын есепке алатын коэффициент;

$N_{\text{ном.}}$  – орнатылған электр қозғалтқыштарының жиынтық номиналды қуаттылығы, кВт.  $\mu_1$ – $\mu_4$  коэффициенттерінің мәндерін анықтамалық мәліметтер бойынша қабылдайды.



а – температуралық градиент  $\Delta$ , °С/м; б – үй-жайдың биіктігі, м; 1 – 23 Вт/м<sup>3</sup> дейін; 2 – 46 Вт/м<sup>3</sup> дейін

**2-сурет – Үй-жайдың биіктігі мен  $q$ , Вт/м<sup>3</sup> жылу кернеулігіне қарай температуралық градиенттің орташа мәндері  $\Delta$ , °С/м**

5.7.9 Қызмет көрсетуші құрамнан бөлінетін жылуды мына формула бойынша анықтайды:

$$Q_{я} = \kappa (q_{т} - q_{ж}), \quad (38)$$

мұндағы  $\kappa$  – қызмет көрсетуші құрамның саны, адам.

$q_{т}$  – бір адамнан бөлінетін толық жылу мөлшері, Вт/адам;

$q_{ж}$  – ылғалды буландыруға жұмсалатын жасырын жылу мөлшері, Вт/адам.  $q_{т}$  және  $q_{ж}$  шамаларын 3-сурет бойынша анықтау қажет.

$t_{а}$  – ауа температурасы, °С;

$v$  – ылғал бөлу, г/сағ. – жылудың толық мөлшері.


5.7.10 Шектес үй-жайлардан келетін жылуды мына формула бойынша анықтайды:

$$Q_{шект.} = \left( \frac{1}{R_{шект.}} \right) \Delta t_{шект.} \cdot F_{шект.}, \quad (39)$$

мұндағы  $R_{шект.}$  – шектес үй-жайларды бөліп тұратын қоршаудың жылу берілуіне кедергісі,  $m^2 \cdot ^\circ C / W$ ;

$\Delta t_{шект.}$  – шектес үй-жайлардың арасындағы температуралық айырма, °С;

$F_{шект.}$  – шектес үй-жайларды бөліп тұратын қоршау бетінің ауданы,  $m^2$ .



а – жылу бөлу, Вт; в – ылғалды буландыруға жұмсалатын жылу, Вт; 1 – тыныштық күйіндегі адам; 2 – мекемедегі жеңіл жұмыс; 3 – дене еңбегі; 4 – ауыр дене еңбегі  
**3-сурет – Адам бөлетін жылу мен ылғал мөлшерінің үй-жайдағы ауа температурасы мен жұмыс сипатына тәуелділігі**

5.7.11 Технологиялық жабдықтың қызған беттерінен бөлінетін жылуды паспорттық мәліметтер бойынша қабылдайды. Жарық көздерінен бөлінетін жылу жиынтық белгіленген қуаттылыққа тең.

5.7.12 Жылыту жабдығы бірліктерінің санын оның жеке қуаттылығы және  $Q_{жыл.}$  мәні негізінде анықтайды, ал оны орналастыру (көлемдік-жоспарлық шешімді есепке ала отырып) үй-жай көлемінде температуралық өрістің біркелкі таралуын қамтамасыз етуі тиіс.

## 5.8 Қысқы (күзгі) және жазғы мезгілдердегі ауа алмасу

5.8.1 Өндірістік үй-жайлардағы ауа алмасуы жергілікті және жалпы алмастыратын желдету жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Жергілікті желдетуді жылу мен ылғалды мол бөлетін жабдықтан қарастыру мақсатқа сай болады.

Жергілікті ауа сорғыштармен ұсталмайтын және цехқа бөлініп шығарылатын жылу мен ылғал ішкі ауада температураның нормативтік мәндеріне және салыстырмалы ылғалдылыққа қол жеткізілгенге дейін жалпы алмастыру желдеткішімен араластырылады (қысқы мезгілде жылыту жүйесі қосылып тұрған кезде). Жалпы алмастыру желдеткішімен сыртқа шығарылатын ауаның мөлшерін өндірістік үй-жайдың жұмыс режиміне сәйкес жылдың екі – қысқы және жазғы мезгілдері үшін анықтау ұсынылады.

5.8.2  $W$ , кг/сағ технологиялық жабдықтағы сұйықтықтың ашық бетінен шығатын буланулар үй-жайдағы негізгі ылғал бөлулер болып табылады.  $V > 0,2$  м/с болатын үй-жайлардағы ауаның қозғалғыштығына байланысты осы ылғал бөлулердің (ауамен жылыту жүйесі, механикалық желдету) мәндерін 4 және 5-суреттер бойынша анықтау ұсынылады. Суланған еден бетінен шығатын булану оның эпизодтық сипатына байланысты есептерде есепке алынбайды.

5.8.3 Жергілікті ауа сорғыштар болған жағдайда, жалпы алмастыру желдеткіші үшін ауа алмасу (ағымдық ауа мөлшері),  $m^3/сағ.$ , суық мезгілде  $L_{ж.ж.}^{кыс} = \rho_{ж.а.} \cdot L_{жерг.ж.}$  жергілікті ауа сорғыштардың өнімділігіне тең көлемде қабылданады.

5.8.4  $L_{жерг.ж.}$ , кг/сағ. жергілікті ауа сорғышпен сыртқа шығарылатын ауаның мөлшерін, оның шамасы туралы мәліметтер болмаған жағдайда, мына формула бойынша анықтау қажет:

$$L_{жерг.ж.} = 3600 \cdot f \cdot V \cdot \rho_{ж.а.}, \quad (40)$$

мұндағы  $f$  – жабынның есепті қимасының ауданы,  $m^2$ ;

$V$  – жабынның есепті қимасындағы нормативтік құжаттардың нұсқаулары бойынша қабылданатын және жылу мен ылғал бөлулер үшін 0,2-0,7 м/с шегінде болатын орташа жылдамдық;

$\rho_{ж.а.}$  – жергілікті ауа сорғыштармен сыртқа шығарылатын ылғалды ауаның массасы,  $кг/м^3$ .

5.8.5 Жазғы мезгілде үй-жайда мүмкін болатын температураны қалыптастыру үшін жалпы алмастыру желдеткішінің ауа алмасуын мына формула бойынша анықтайды:

$$L_{\text{ж.ж}}^{\text{жаз}} = \frac{3,6(Q_{\text{ж.ж}} + Q_{\text{қор.к.}} + Q_{\text{э}} + Q_{\text{я}})}{I_2 - I_1}, \quad (41)$$

мұндағы 3,6 – БЖ өлшем бірліктеріне ауыстыру коэффициенті;

$Q_{\text{қор.к.}}$  – [17] бойынша анықталатын, үй-жайға қоршау конструкциялары мен жарық ойықтары арқылы енетін күн радиациясынан бөлінетін жылу мөлшері, Вт;

$I_1$  – ағымдық ауаның үлестік энтальпиясы, кДж/кг;

$I_2$ , кДж/кг ішкі ауаның үлестік энтальпиясын,  $\varepsilon$ , кДж/кг үдеріс сәулесінің көмегімен анықтаймыз:

$$\varepsilon = \frac{Q_{\text{ж.ж}} + Q_{\text{қор.к.}} + Q_{\text{э}} + Q_{\text{я}} \cdot 3,6}{W_a}, \quad (42)$$

## 5.9 Жылыту мен желдетудің ұсынылатын режимдерін қамтамасыз ететін инженерлік іс-шаралар

5.9.1 Келесі іс-шаралар арқылы конвективті және сәулелі жылудың елеулі мөлшерде бөлінуінің, жұмыс үй-жайларындағы ауаның зиянды бөлінулермен ластануының, олардың таралуының алдын алу мақсатқа сай болады:

а) конвективті немесе сәулелі жылу бөлу көздерінде (вакуумдік аппараттар, жылытқыштар, кептіргіштер, құбырлар және т.с.с.) тиісті жылу оқшаулау болуы тиіс;

б) жұмыс үй-жайларында орнатылған жабдықтың сыртқы беттерінің температурасы [8] келтірілген мәндерден аспауы тиіс;


в) елеулі мөлшерде ылғал бөлетін технологиялық жабдық герметикалануы тиіс немесе онда су буларының жергілікті сорғыштары бар кабиналар, бүркеніштер, шкафтар, шатырлар түріндегі жаппасы, қақпағы болуы тиіс;

$$\frac{W}{F} 0,89, \left[ \frac{\text{кг}}{4(\text{м}^2)^{0,89}} \right] \quad (43)$$


г) елеулі мөлшерде шаң бөлетін үдерістер (ыдыс жасау және т.б.) басқа өндірістік үдерістерден оқшаулануы тиіс;

д) шаң бөлу көздері болып табылатын жабдықтың немесе оның бөлшектерінің үсті жабылуы және барынша герметикалануы тиіс.

5.9.2 Қысқы және жазғы есепті режимдерді жылытудың және механикалық сорып-тарату желдеткішінің көмегімен қамтамасыз ету ұсынылады. Жалпы алмастыру желдеткіші болған жағдайда, сорып шығару, қағида бойынша, үй-жайдың жоғарғы аймағынан жүзеге асырылады. Жергілікті желдеткіш жұмысының ұзақтығы сол арқылы жергілікті ауа сорғыштардың өткізілуі қарастырылатын жабдық жұмысының уақыты бойынша анықталады.



4-сурет –  $\varphi$ , % ішкі ауаның салыстырмалы ылғалдылығына және  $t$ , °C ауа температурасына қарай технологиялық жабдықтың ашық сулы бетінен бөлінетін ылғал,  $t_{ы}$  үшін = 16 °C,  $P_{\delta} = 1,01 \cdot 10^5$  Па.



5-сурет –  $\varphi$ , % ішкі ауаның салыстырмалы ылғалдылығына және  $t$ , °C су температурасына қарай технологиялық жабдықтың ашық сулы бетінен бөлінетін ылғал,  $t_{ы}$  үшін = 22°C және  $P_{\delta} = 1,01 \cdot 10^5$  Па.

5.9.3 Жергілікті және жалпы алмастыру желдеткішінің сорып шығаратын желдеткіш жабдығының жұмысын сол арқылы жергілікті ауа сорғыштар өткізілетін технологиялық жабдықпен бұғаттауды қарастыру ұсынылады.

5.9.4 Қысқы және жазғы мезгілдерде өндірістік үй-жайларда жергілікті және жалпы алмастыру желдеткішінің арасында желдетілетін ауа мөлшерін бөлудің бірнеше нұсқасы орын алуы мүмкін:

а) қысқы мезгіл үшін I

$$L_{\text{жерг.ж.}} = L_{\text{ж.ж.}} \quad (44)$$

б) жазғы мезгіл үшін

$$\begin{cases} L_{\text{жерг.ж.}} = L_{\text{ж.ж.}} \\ L_{\text{жерг.ж.}} < L_{\text{ж.ж.}} \end{cases} \quad (45)$$

II

$$\begin{aligned} L_{\text{жерг.ж.}} < L_{\text{ж.ж.}} & - \text{қысқы мезгіл үшін} \\ L_{\text{жерг.ж.}} < L_{\text{ж.ж.}} & - \text{жазғы мезгіл үшін} \end{aligned} \quad (46)$$

III

$$L_{\text{жерг.ж.}} = 0$$

I нұсқада қысқы мезгіл үшін (а жағдайы) негізгі желдеткіш жабдықты жергілікті желдеткішпен сыртқа шығарылатын ауа мөлшері бойынша таңдау қажет, ал б) жағдайы үшін (жазғы мезгіл жағдайында) қосымша желдеткіш жабдық орнату мақсатқа сай болады. Қосымша сорып-тарату қондырғыларын (құрылғыларын)

$$L_{\text{ж.ж.}}^{\text{жаз}} - L_{\text{ж.ж.}}^{\text{қыс}} \quad (47)$$

тең ауа мөлшері бойынша таңдайды, м<sup>3</sup>/сағ.

II нұсқа үшін негізгі ағымдық желдеткіш жабдықты – жалпы алмастыру желдеткішінің өнімділігі бойынша, ал жергілікті ауа сорғыштар болған жағдайда, негізгі сорып шығаратын желдеткіш жабдықты

$$L_{\text{ж.ж.}}^{\text{қыс}} - L_{\text{жерг.ж.}} \quad (48)$$

ауа мөлшері бойынша таңдау ұсынылады.

Қысқы мезгілде үй-жайдағы ауаның мүмкін болатын салыстырмалы ылғалдылық деңгейіне қарай желдеткіш жүйенің қайта айналуға жұмыс істеуі мүмкін.

Жылдың жазғы мезгілінде желдеткіш  $L_{\text{ж.ж.}}^{\text{жаз}}$  өнімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қосымша желдеткіш жабдықтың өнімділігі

$$L_{\text{ж.ж.}}^{\text{жаз}} - L_{\text{ж.ж.}}^{\text{қыс}} \quad (49)$$

## ҚР ЕЖ 3.02-131-2012

III нұсқа үшін негізгі сорып-тарататын желдеткіш жабдығы –  $L_{\text{ж.ж.}}^{\text{ҚЫС}}$  ауа мөлшері бойынша, ал қосымша желдеткіш жабдығы

$$L_{\text{ж.ж.}}^{\text{Жаз}} - L_{\text{ж.ж.}}^{\text{ҚЫС}}$$

ауа мөлшері бойынша таңдалады.

5.9.5 Жазғы режимге көшкен кезде жылытуды өшіріп, жалпы алмастыру желдеткішінің қосымша сорып-тарататын желдеткіш қондырғыларын қосады, олар қысқы мезгілдің негізгі қондырғыларымен бірге жазғы мезгіл жағдайларын қамтамасыз етеді. Ағымдық ауаны үй-жайға [9] талаптарына сәйкес береді.

5.9.6 Барлық өндірістік үй-жайлардағы жылытуды, қағида бойынша, ағымдық желдеткішпен және кезекші сумен немесе бумен жылытатын қондырғымен біріктірілген ауамен жылыту жүйесі етіп қабылдайды. Жылытуды жұмыс аймағындағы ауа температурасы бойынша реттейді.

**А қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау кезінде ауаның таралу жүйелерінің сипаттамалары**

А.1 Жобаның құрылыстық бөлімі мен технологиялық талаптарға сәйкес сақталатын өнім қабатының биіктігі және үйіндінің жоспардағы өлшемдері (жалпақтығы мен ұзындығы) белгіленеді.

А.2 А.1 кестесіндегі мәліметтер бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған үй-жайлардағы ауаны баптау немесе желдету жүйесінің өнімділігін анықтау үшін қажет үлесті ауа алмасу  $L_{\text{ул.}} \text{ м}^3/(\text{сағ.} \cdot \text{т})$  қабылданады.

**А.1 кестесі -  $L_{\text{ул.}} \text{ м}^3/(\text{сағ.} \cdot \text{т})$  үлесті ауа алмасудың ұсынбалы параметрлері**

Өнім	Ең төмен мөлшердегі мүмкін болатын үлесті ауа алмасу $L_{\text{ул.}} \text{ м}^3/(\text{сағ.} \cdot \text{т})$	Ең жоғары мөлшердегі мүмкін болатын үлесті ауа алмасу $L_{\text{ул.}} \text{ м}^3/(\text{сағ.} \cdot \text{т})$
Тұқымдық картоп	100	250
Азық-түлік картобы	70	250
Тамыр жемістер	70	230
Қырыққабат	150	300
Пияз, сарымсақ	150	400

А.3 А.2 кестесіндегі мәліметтер бойынша қабаттың аэродинамикалық кедергісін анықтау үшін  $p$  және  $s$  есепті коэффициенттері қабылданады.

А.4 Сақталатын өнім қабатына ауаның берілу бағыты – төменнен жоғары қарай.

А.5 Бір ауа таратқыш қызмет көрсететін В аймағының (А.1 суреті) жалпақтығын алдын ала таңдау жүзеге асырылады.

Ауа таратқыштар арасындағы арақашықтық 2 м-ден аспауы тиіс.

А.6 Ауа таратқыш тордың ені –  $b$  алдын ала белгіленеді.

**А.2 кестесі - Ауыл шаруашылығы өнімдерінің әр түрлі түрлері үшін  $p$  және  $s$  коэффициенттерінің мәндері**

Өнімдер	$P$	$S$
Картоп	4995	245
Тамыр жемістер	1090	45
Қырыққабат	1305	75
Сәбіз	1565	65
Пияз	5995	250


**ҚР ЕЖ 3.02-131-2012**

А.7 Ауа таратқыш түрі белгіленеді: тереңдетілген немесе еден үстілік. Технологиялық немесе басқа да қарсылықтар болмаған жағдайда, А.3 кестесінде берілген тәуелділіктерге артықшылық беріледі.


А.8 А.3 кестесінде берілген тәуелділіктер бойынша  $k_p, h_n, k_n$  параметрлерін есептеу жүзеге асырылады.


**А.3 кестесі –  $k_p, h_n, k_n$  параметрлерін есептеуге арналған формулалар**

Параметр	Тереңдетілген ауа таратқыш	Еден үстілік ауа таратқыш
$k_p$	$\varepsilon = (1,69 - 1,24 \frac{b}{B})S \cdot 10^{-3}$ $c = (0,15 \frac{b}{B} + 0,69) \cdot \exp(-0,019s)$ $л = 0,041 + 1,91 \cdot 10^{-3} \cdot s$ $s = a + cp^n$ $k_p = s \cdot (0,35 + 0,2B) \cdot [(\frac{B}{b} - 1)^{1,08-0,17M}]$	$\varepsilon = (1,69 - 1,24 \frac{b}{B})S \cdot 10^{-3}$ $c = (0,15 \frac{b}{B} + 0,69) \cdot \exp(-0,019s)$ $л = 0,041 + 1,91 \cdot 10^{-3} \cdot s$ $s = a + cp^n$ $d = (1,65 + 0,00134p^{0,53}) \frac{b}{2} \sin^2 \alpha$ $K_p = s \cdot (0,35 + 0,2B) \cdot [(\frac{B}{b} - 1)^{1,08-0,17M}]$ $k_p = d \cdot K_p$
$h_n$	$x = (1 - \frac{b}{B}) \cdot (3,94B - 0,81)$ $g = h(x), \text{ есл } x \leq 2,1$ $g = 1, \text{ есл } x > 2,1$ $h_i = B \cdot (0,5 - 0,05B + 0,037H) \cdot g$	$x = (1 - \frac{b}{B}) \cdot (3,94B - 0,81)$ $g = h(x), \text{ есл } x \leq 2,1$ $g = 1, \text{ есл } x > 2,1$ $d_1 = (2,22 - 0,4H) \cdot \exp[(0,37H - 2,49) \cdot \frac{B}{b}]$ $h_i' = B \cdot (0,5 - 0,05B + 0,037H) \cdot g$ $h_i = h_i' + d_1 \cdot \frac{b}{2} \cdot \sin \alpha$
$k_n$	$k_i = 0,55H^{-0,18} \cdot (1 - \frac{b}{B})$	$k_i' = 0,55H^{-0,18} \cdot (1 - \frac{b}{B})$ $k_i = k_i' - \frac{b}{B} \cdot (0,344H^{-0,18} - 0,436) \cdot \sin \alpha$



a)





**А.1 суреті – Ауыл шаруашылығы өнімдерін қамбада немесе үйіндімен сақтау кезіндегі ауа тарату жүйесінің схемалары.**  
 Ауа таратқыш түрі: а) тереңдетілген; б) еден үстілік.

А.9 Есеп нәтижесінде алынған  $h_n, k_n$  параметрлері А.4-кестесінде келтірілген мәндерден аспаулары тиіс.

**А.4 кестесі –  $h_n, k_n$  параметрлерінің мүмкін болатын ең жоғары мәндері**

Өнім	$h_n$	$k_n$
Картоп, қызылша	1,5	0,35
Тамыр жемістер	1,5	
Қырыққабат	1,0	
Пияз, сарымсақ, сәбіз	1,0	

А.10 Ауаның ауа таратқыштан шығатын жеріндегі орташа жылдамдықтың оның қимасының жалпы ауданына қатынасы:

$$w_k = \frac{\rho_a H B L_{yx}}{3600b}, \quad (A.1)$$

мұндағы  $\rho_n$  – үйінді қабаттың көлемдік массасы, кг/м<sup>3</sup>;

$H B L_{yA}$  – А.1 суретіне сәйкес анықталатын геометриялық параметрлер, м;

$L_{yA}$  – А.1 кестесі бойынша анықталатын үлесті ауа алмасу, м<sup>3</sup>/(сағ·т).

Ауаның ауа таратқыштан шығатын жеріндегі орташа жылдамдық 0,4 м/с-тан аспауы тиіс.

А.11  $w_k > 0,4$  м/с болғанда және  $h_n$  мен  $k_n$  мәндері А.4 кестесінде келтірілген мәліметтерге сәйкес болмағанда,  $B$  және  $b$  мәні қажетті нәтижеге қол жеткізілгенге дейін түзетіледі.

А.12 Қабаттың аэродинамикалық кедергісі

$$\Delta P = (pw^2 + sw) \cdot (H - h_n + (1 + k_p) \cdot h_n), \quad (A.2)$$

тәуелділігі бойынша есептеледі.

Мұндағы  $w$  –

$$w = \frac{\rho_a H L_{yx}}{3600}, \quad (A.3)$$

тәуелділігі бойынша анықталатын, ауаның үйінді қимасы бойынша орташа сүзілу жылдамдығы.

А.13 Ауа таратқыштың тұрақты иіріліп тұратын жеріне кіре берісте ауаның таралу біркелкілігін қамтамасыз ету үшін  $x_0$  ауа қозғалысының жылдамдығы 6 м/с-тан аспауы тиіс. Осы жерге кіре берістегі жылдамдық

$$w_k = \frac{\rho_a H B L_{yx} x_0}{3600bh_0} \leq 6 \frac{m}{c}, \quad (A.4)$$

тәуелділігі бойынша бағалана алады.

Бұл ретте  $h_0$  шамасы 0,2 м-ден кем болмауы тиіс. Тәуелділік (А.3 кестесі) ауа таратқыштың қимасы тұрақты бөлігінің ұзындығын анықтауға мүмкіндік береді.

А.14 Ауа таратқыштың қимасы ауыспалы бөлігіне кіре берісте ауа жылдамдығы 8 м/с-тан аспауы тиіс. Осы бөлікке кіре берістегі ауа шығыны

$$L_{kX} = L_{yX} B H \rho_a (x + x_0), \quad (A.5)$$

формуласы бойынша есептеледі.

А.15 Ауаны тарататын тордың сақталатын өнім қабатының шетінен алшақтығын (қамбада сақтағанда) 0,5 м-ден аспайтындай етіп қабылдау қажет.

Үйіндімен сақтағанда, ауаны тарататын тор мен шеткі ауа таратқыштың үйінді шегінен алшақтығы, үйінді биіктігі 2,0 м-ден асатын жағдайда, 2,0 м болуы тиіс. Қалған жағдайларда бұл параметрлер үйінді биіктігіне тең болуы тиіс.

**Б қосымшасы**  
(ақпараттық)

**Өнім үйіндісінің гидравликалық кедергісі, Па**

Өнім	Қабат қалыңдығы, м	Ауа ағынына перпендикуляр үйінді қимасының 1м <sup>2</sup> -не ауаның берілу қарқындылығы, м <sup>3</sup> /сағ.						
		50	100	200	300	400	500	100
Картоп <sup>а)</sup>	1	2,9	7,0	19,0	37,3	57,5	85,4	236,00
	2	6,8	16,5	44,5	87,5	124,5	197,5	556,5
	3	11,1	27,0	73,5	144,0	221,0	326,5	882,5
	4	16,0	38,5	104,5	205,5	314,7	465,0	1309,0
	5	21,0	21,0	138,0	270,0	420,0	612,0	1715,0
	6	26,0	63,5	172,5	338,0	530,0	766,0	2142,0
Пияз	1	3,2	8,1	22,7	43,6	71,1	105,0	371,0
	2	7,7	19,4	54,3	104,0	170,0	251,0	888,0
	3	13,0	32,4	90,5	174,0	284,0	419,0	1480,0
	4	18,6	46,5	130,0	250,0	408,0	602,0	2130,0
Қызылша	1	0,8	2,1	5,9	11,4	18,6	27,5	97,2
	2	1,7	4,2	11,8	22,8	37,2	55,0	194,4
	3	2,6	6,3	17,8	34,2	55,8	82,5	291,6
	4	3,4	8,5	23,7	45,6	74,4	110,0	388,8
Қырыққабат <sup>б)</sup>	1	1,3	3,1	8,3	15,4	24,6	35,8	122,0
	2	2,6	6,2	16,6	30,8	49,2	71,6	244,0
	3	3,9	9,4	24,8	46,2	73,8	107,4	366,0
	4	5,2	12,5	33,1	61,6	98,4	143,2	488,0
Сәбіз	1	1,5	3,6	9,7	18,2	29,2	42,6	146,0
	2	3,0	7,2	19,4	36,4	58,4	85,2	292,0
	3	4,5	10,8	29,1	54,6	87,6	127,8	438,0

Ескертпелер

1 <sup>а)</sup> Картоп үшін үйінді кедергісі 10 % ластануды есепке ала отырып берілді.

2 <sup>б)</sup> Қосымша кедергі тудыратын сыртқы жапырақтарының түсуін есепке алғандағы қырыққабат үйіндісінің кедергісі.

**В қосымшасы**  
(*ақпараттық*)

**Қазақстан Республикасының елді мекендері үшін (1) және (2) формулаларындағы  
коэффициенттердің мәндері**

Елді мекен	Коэффициенттер					
	$a_1$	$b_1$	$c_1$	$a_2$	$B_2$	$C_2$
Алматы	0	0,76	-10,75	0,05	2,21	29,18
Атырау	0	0,73	-8,20	0,06	2,47	27,84
Орал	0	0,59	-10,06	0,03	2,134	34,18
Астана	0	0,54	-12,60	0,00	1,46	38,20
Павлодар	0	0,52	-13,43	0,00	1,67	39,80
Шымкент	0	0,80	-5,50	0,06	1,73	12,70
Петропавл	0	0,50	-13,10	0,00	1,57	40,80
Көкшетау	0	0,52	-12,20	0,00	1,65	39,17
Ақтөбе	0	0,53	-11,80	0,01	1,77	35,90
Қарағанды	0	0,38	-11,40	0,01	1,99	38,86
Қызылорда	0	0,84	-4,96	0,025	0,92	6,03
Семей	0	0,57	-13,50	0,00	1,55	49,50
Өскемен	0	0,46	-14,00	0,00	1,72	40,15
Тараз	0	0,87	-6.,9	0,08	2,29	19,5
<p>Ескертпе – Осы қосымшада көрсетілмеген елді мекендер үшін ең жақын географиялық мекенге арнап берілген коэффициенттердің мәндерін қабылдауға болады.</p>						

**Г қосымшасы**  
(ақпараттық)


**Жылу мен ылғал бөлулердің және өнімнің үйме салмағының есептік мәндері**

Өнім	Өнімнің үйінді тығыздығы $\gamma_m, \text{т/м}^3$	Сақтау кезеңі					
		емдік		салқындату		сақтау	
		анық жылу бөліністері $q_m,$ Вт/т	ылғал бөлу $w \cdot 10^3$ кг/(т•сағ )	анық жылу бөліністері $q_m,$ Вт/т	ылғал бөлу $w \cdot 10^3$ кг/(т•сағ.)	анық жылу бөліністері $q_m,$ Вт/т	ылғал бөлу $w \cdot 10^3$ кг/(т•сағ.)
Картоп	0,65	18,61	16,8	13,96	12	6,63	4,9
Қырыққабат	0,40	-	-	17,21	33,4	6,98	13,3
Сәбіз	0,55	-	-	21,51	23,9	6,51	7,2
Пияз	0,60	18,72	20,8	20,10	13,5	5,58	6,2
Қызылша, шомыр, тарна	0,60	-	-	11,16	12,50	5,58	6,2
Бақша дақылдары	0,55	-	-	20,35	-	9,07	-


Д қосымшасы  
(ақпараттық)

Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың ұсынылатын конструкциялық схемалары және көлемдік-жоспарлық шешімдерінің мысалдары


а – рамалық




б – тіреулік-арқалықтық




в – аралас ригельдік-арқалықтық




г – қиғаш тірексіз фермасы бар күш түсетін кабырғалар




д – қиғаш тірексіз фермасы бар тіреулік




е – жарық фонарьлары бар рамалық



ж – күмбезді





з – қаңқасыз




и – аралас

к – тереңге орналастырылған аркалық




**Д.1 суреті – Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен қайта өңдеуге арналған ғимараттар мен имараттардың конструкциялық схемалары**



а – қасбет; б – жоспар; в – көлденең қима; I – шлюз-тамбур; II – өту жолы; III – қамба; IV – желдету камерасы; V – ағымдық желдету шахтасы; VI – қосымша қамба; 1 – іргетас; 2 – қабырға; 3 – топырақ жабыны; 4 – сыртқы қабырғаны жылылау; 5 – шатырмен біріктірілген жылытылған жабын; 6 – сырғауыл; 7 – баған


**Д.2 суреті – Тереңдетілген үлгідегі көкөніс қоймасының көлемдік-жоспарлық шешімінің үлгісі және конструкциялық схемасы.**



а – қасбет; б – жоспар; в – көлденең қима; I – ауыл шаруашылығы өнімдерін тауарлық өңдеуге арналған үй-жай; II – таразы бөлмесі; III – қызметтік үй-жайлар; IV – желдету камерасы; V – көкөністерді сақтауға арналған үй-жай; 1 – іргетас; 2 – панель қабырғалар; 3 – жылытылған жабын; 4 – жабын сырғауылдары; 5 – баған


**Д.3 суреті – Көкөніс қоймасының көлемдік-жоспарлық шешімінің үлгісі және конструкциялық схемасы.**

**Е қосымшасы**  
*(ақпараттық)*  
**Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау схемалары**




1 – сыртқы қабырға; 2 – ауа қабаты; 3 – бөлетін экран; 4 – өнім үйіндісі; 5 – жоғарғы аймақ; 6 – жабын; Н – үйінді биіктігі; Н<sub>жа</sub> – жоғарғы аймақ биіктігі; Н<sub>1</sub> – жабын биіктігі; Т – желдетілетін ауа температурасы; Ф – ауаның салыстырмалы ылғалдылығы; V – қабаттағы ауа жылдамдығы; U – үйіндідегі ауа жылдамдығы

**Е.1-суреті – Ауа қабаты бар қойма.**



1 – ішінде өнімі бар контейнер; 2 – ауа каналы; 3 – ішінде өнімі бар контейнер; Н – контейнердің биіктігі; Т – ауа температурасы; V – контейнердегі ауа жылдамдығы

**Е.2 суреті – Контейнерлік қойма.**



1 – сыртқы қабырғаның жерге көмілген бөлігі; 2 – сыртқы қабырғаның жер үсті бөлігі; 3 – өнім үйіндісі; 4 – жоғарғы аймақ; 5 – жабын; 6 – топырақ;  $H$  – үйінді биіктігі;  $H_{ЖЗ}$  – жоғарғы аймақ биіктігі;  $H_1$  – жабын биіктігі;  $T$  – желдетілетін ауа температурасы;  $\Phi$  – ауаның салыстырмалы ылғалдылығы;  $V$  – ауа жылдамдығы

**Е.3 суреті – Тереңге орналастырылған қойма.**

## КІТАПНАМА

- [1] ҚР ЕЖ EN 1990:2002+A1:2005/2011 Күш түсетін конструкцияларды жобалау негіздері Ұлттық қосымшасымен.
- [2] ҚР ЕЖ EN 1991-1-1:2002/2011 Күш түсетін конструкцияларға ықпалдар. 1:1-7 бөлім Ұлттық қосымшасымен.
- [3] ҚР ҚН 2.02-05 Ғимараттар мен имараттардың өрт қауіпсіздігі.
- [4] ҚР ҚН 2.04-01 Құрылыс климатологиясы.
- [5] ҚР ҚН 2.04-01 Энергия үнемдеуді есепке ала отырып, азаматтық және өнеркәсіптік ғимараттарды (құрылыстарды) жылу-техникалық жобалау нормалары.
- [6] ҚР ҚН 2.04-02 Табиғи және жасанды жарықтандыру.
- [7] ҚР ҚН 2.04-03 Құрылыс жылу техникасы.
- [8] ҚР ҚН 2.04-04 Ғимараттардың жылу қорғанысы.
- [9] ҚР ҚН 2.04-10 Оқшаулау және өңдеу жабындары.
- [10] ҚР ҚН 2.11-1 Қойма ғимараттары.
- [11] ҚР ҚН 3.02-09 Өндірістік ғимараттар.
- [12] ҚР ҚН 3.01-02-2011 Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бас жоспарлары.
- [13] ҚР ҚН 3.02-24-2011 Өнеркәсіптік кәсіпорындар имараттары.
- [14] ҚР ҚН 3.02-03 Едендер.
- [15] ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың халықтың аз әрекетті топтары үшін қолжетімділігі.
- [16] ҚР ҚН 4.01-02-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және канализациясы.
- [17] ҚР ҚН 4.02-02-2011 Жылыту, желдету және ауаны баптау.
- [18] МЕЖ 2.04-101-2001 Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау.
- [19] EN 15316-1-4:2007 «Ғимараттардағы жылыту жүйелері – Энергия қажеттілігін және жүйелердің тиімділігін есептеу әдісі».
- [20] EN 13779 Ventilation for non-residential buildings. Performance requirements for ventilation and room-conditioning systems (Тұрғын емес ғимараттардағы желдету. Желдету және ауа баптау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар).
- [21] EN15239.Ventilationforbuildings.Energyperformanceofbuildings.Guidelinesforinspectionofventilationsystems (Ғимараттарды желдету. Ғимараттардың энергетикалық тиімділігі. Желдету жүйелерін бақылау бойынша басшылық).
- [22] ЭОҚ. Қазақстан Республикасында электр қондырғыларын орнату қағидалары.

ӘОЖ 69:631.(083.74)

МСЖ 65.040

---

**Негізгі сөздер:** ғимарат, имарат, механикалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, қауіпсіз жағдайлар, желдету, жылумен жабдықтау, қызмет ету мерзімі, жылу қорғанысы, пайдалану, энергияны және табиғи ресурстарды үнемдеу

---

## СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ.....	IV
1 ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ.....	1
2 НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ.....	1
3 ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ.....	2
4 ПРИЕМЛЕМЫЕ СТРОИТЕЛЬНЫЕ РЕШЕНИЯ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ.....	3
4.1 Рекомендуемые объёмно-планировочные и конструктивные решения по обеспечению надёжности и устойчивости зданий и сооружений .....	3
4.2 Строительные решения по обеспечению пожарной безопасности, требований гигиены и защиты здоровья человека.....	5
4.3 Приемлемые решения по обеспечению пригодности к эксплуатации и доступности при пользовании .....	6
4.4 Рекомендуемые решения для обеспечения экономии электроэнергии, сокращение расхода тепла и рационального использования природных ресурсов .....	8
5 ПРИЕМЛЕМЫЕ ТЕПЛОТЕХНИЧЕСКИЕ РЕШЕНИЯ .....	9
5.1 Теплообмен в условиях естественной конвекции .....	9
5.2 Теплообмен у внутренней поверхности наружной стены при наличии вентилируемой прослойки .....	11
5.3 Технологическое отопление помещений хранения.....	13
5.4 Вентиляционные системы .....	14
5.5 Мощность оборудования для тепловой обработки сельскохозяйственной продукции (на примере тепловой обработки лука) .....	17
5.6 Сопротивление теплопередаче ограждающих конструкций.....	19
5.7 Рекомендуемое количество тепла на отопление .....	19
5.8 Воздухообмен в зимний (осенний) и летний периоды .....	23
